



Чемпиондар
мектептен
шығады



2-бет

Еркіндік пен
үнемнің арасы
қанша?



5-бет

Соңғы
минуттардағы
сәтсіздік



8-бет


Қолдау бар жерде самғау бар

Дәуір алмасса, тіршілік-тің де тетігі түрленеді. Күні кешегі елдің еңсесін төрт түлік пен төрттаған шаруашылық көтерсе, бүгінгі экономиканың құретамырына кәсіпкерлік пен технология келіп қосылды. Көш басының екі тізгін бір шылбырын кәсіпкер ұстағандай сезіледі бізге. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында шағын және орта бизнестің ел экономикасындағы орнына айрықша мән берілуі де сондықтан болар.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

— Шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 40 пайызға, ал, жұмыспен қамту ісіндегі үлесі 50 пайызға жуықтады. Бұл — жаман көрсеткіш емес. Бірақ, осы саланы жүйелі түрде жетілдіре түспесе, экономиканы дамыту және тұрмыс сапасын жақсартуға тың серпін бере алмаймыз, — деді Президент.

Иә, кәсіпкер мұраты айқын. Бүгінгі кәсіпкерліктің де жүгін жеңіл деп айта алмаймыз. Нарықтың талабы, технологияның екпіні, бәсекенің бедері — бәрі де іскер азаматтан ілбірістей ілкімділік пен ізденісті талап етеді. Аймақта Президент тапсырмаларын орындау аясындағы жұмыстар осы сын-қатерлерге өз деңгейі аясында жауап беріп келеді. Кәсіпке өріс ашу, өндіріске дем-күш беру,



Қолдау бар жерде самғау бар

жаңа мүмкіншілікке жол салу — экономикалық көшті ілгері бастайтын негізгі тетіктер. Көш түзелді. Келесі бір міндет — көркі келіскен көшті кідіріссіз алға бастыру.

Әлбетте, әу басында ниет та-

нытқанмен, нақты мүмкіндікке иек артарымыз айтпаса да түсінікті хал. Осы орайда ауыл-аймақтағы іскер азаматтарға жаңа тыныс ашылды. «Даму» қоры іске қосқан «Іскер аймақ» бағдарламасы ауыл-

дар, аудан орталықтары мен шағын қалалардағы кәсіпкерлерге өз ісін өркендету үшін 200 млн теңгеге дейін қаржы алуға оң ықпал етеді. 200 млн теңге. Дәреметі деңгейлі мұндай сомаға ең кемінде



ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАСЫН
ОРИНДАЙ ОТЫРЫП...

бірнеше шақырым ауыл жолын жөндеп, иә болмаса, елдімекен ішін жарықтандыруға, заманауи спорт алаңын жасақтауға немесе ауылдағы медициналық нысанды қажетті құрал-жабдықпен толықтыруға болар еді. Фермер үшін бұл — бірнеше су жаңа ауыл шаруашылығы техникасын алуға, қуаңшылық жайлаған алқапқа су жеткізер ондаған ұңғыма қазуға жететін игілік. Ал, мәдениет ошағы үшін сахнасы мен залы жаңарған еңселі ауылдық клубтың жаңа тынысы. Яғни, «Іскер аймақ» ұсынған 200 млн теңге — бір ғана кәсіптің емес, тұтас елдімекеннің экономикалық әлеуетін қозғалысқа келтіретін елеулі ресурс.

Дәмелі Серікқызы ұлттық колөнерді кәсіпке ұластырып, атадан балаға жеткен дәстүрді табыс көзіне айналдырып отыр. Шебер киіз басу, ши тоқу, арқан есу секілді ұмыт бола бастаған колөнердің қыр-сырын жаңғыртып қана қоймай, оны заман талабына сай дамытудың жолын тапқан. Ілкімді ісін шағын шеберханадан шығармашылық орталыққа айналдыра білген кәсіпкер енді кәсібінің аясын кеңейтіп, ұлттық өнерді насихаттайтын жаңа жобаларды қолға алуды көздейді.

— Кез келген бағдарламаға өтінім бермес бұрын, ең алдымен, өз идеяңыздың қаншалықты қажет екенін саралап алған абзал екен.

► 4-бет

• ТІЛ-ТҰҒЫР

Түрлі мәдениетті тоғыстырады

Тіл — халықтың тарихи жадын сақтап, ұлтты ұйыстыратын басты құндылықтың бірі. Сондықтан, Қазақстан халқы тілдері күні — елдегі этносаралық татулық пен мәдени араландықты дәріптейтін мереке. Осы айтулы күнге орай Қарағанды қаласында «Тіл-FEST» фестивалі өтеді.

5 қыркүйек күні сағат 10:00-де Орталық саябақта ұйымдастырылатын мерекелік шара тіл мен мәдениеттің тоғысқан алаңына айналмақ. Фестивальдің негізгі мақсаты — мемлекеттік тілге деген қызығушылықты арттырып, әртүрлі мәдениет өкілдерін ортақ құндылықтар төңірегіне біріктіру.

Фестиваль бағдарламасы да мазмұнды. Келушілерді әсерлі концерттік шоу, «Қазақша сөйлейік!» Talk&Play интерактивті алаңы, ұлттық тағамдар жәрмеңкесі және «Qazaq Brand Market» жәрмеңкесі күтеді. Бұдан бөлек, түрлі ойындар, квиздер мен байқаулар ұйымдастырылып, белсенді қатысушыларға арнайы сыйлықтар табысталады.

Бір ортада бас қосқан қала тұрғындары ұлттық тағамнан дәм татып, өнер тамашалап, ойын-байқауларға қатысып, қазақ тілін еркін қолдануға мүмкіндік алады. Ал, мұндай орта тіл үйренуді міндет емес, қызықты әрі табиғи үдеріске айналдыра түседі.

Ұйымдастырушылар Қарағанды тұрғындарын фестивальге отбасымен, достарымен бірге келіп, мерекелік көңіл күйді бірге бөлісуге шақырады.

Өз тілшімізден

• БІЛІМ

Тамыз сынағын тапсырды

Тамыз айындағы Ұлттық бірінғай тестілеуге 27 мыңнан астам талапкер қатысты. Оның 53 пайызы шекті балды жинады. Бес пән бойынша орташа нәтиже — 55 балл болса, ең жоғары көрсеткіш 136 балды құрады.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тестілеуге ерекше білім беру қажеттіліктері бар 98 талапкер де қатысты. ҰБТ өткізу кезінде жалпы 66 ереже бұзушылық анықталған. Оның ішінде 30 талапкер смартфон, шпаргалка және басқа да тыйым салынған заттарды алып кіруге әрекет жасаған. Осы себепті олардың тест тапсыру мүмкіндігі шектелді. Ал, тестілеу барысында тәртіп бұзған 36 адам аудиториядан шығарылды. Бөгде тұлғаларды пайдалану фактісі тіркелген жок.

Сонымен қатар, 2026 жылғы ҰБТ аяқталғаннан кейін тестілеу барысындағы бейнежазбаларға талдау жүргізіледі. Бұл жұмыс 31 қазанға дейін жалғасады. Егер бейнебақылау нәтижесінде тыйым салынған заттарды пайдалану немесе өзге де ереже бұзу фактілері анықталса, талапкерлердің тест нәтижелері жойылуы мүмкін.

Ал, өз мамандығы бойынша жоғары оқу орнында ақылы негізде білімін жалғастырығы келетін колледж түлектері әңгімелесу нәтижесі бойынша жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Қарағандыны жастар өзгертеді

2028 жылы Қарағанды ТМД-ның Жастар астанасы атанады. Бұл мәртебе қаланың жастар саясатын жаңа деңгейге көтеріп, қарағандылық жастардың бастамаларын халықаралық деңгейде танытуға мүмкіндік береді. Алайда, «Жастар астанасы» деген атақты бір жылдық іс-шаралармен шектемей, оның негізін қазірден қалыптастыру маңызды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл ретте аймақта жастармен жұмыс істедудің жаңа тәсіліне басымдық беріліп отыр. Жастарға дайын жобаны ұсынып, оларды қатысушы ретінде шақыру емес, идеяны жастардың өзінен алып, оны бірге жүзеге асыру көзделеді. Осы мақсатта Saryarqa Jastary сайтында арнайы бөлім ашылып, 2028 жылға дейін қарағандылық жастар өз идеялары мен ұсыныстарын жолдайды. Жастар қандай жобаның қажет екенін, қалада қандай кеңістік болғанын қалайтынын немесе қандай мәселенің шешімін ұсынатынын өздері айта алады. Әкімдік бұл ұсыныстарды дайын күйінде жастарға ұсынбай, олардың авторларымен бірлесіп жүзеге асыруды көздейді. Мұндай тәсіл Еуропа мемлекеттеріндегі жастармен жұмыс тәжірибесіне сүйенеді. Мұнда жастар тек мемлекеттік жобалардың аудиториясы емес, қаланың даму үдерісіне қатысушы ретінде қарастырылады. «Жастар үшін» жасалған саясаттан «жастармен бірге» жүзеге асатын саясатқа көшу.



► 5-бет

Чемпиондар мектептен шығады

Үлкен спортқа жол көбіне мектеп қабырғасынан басталады. Қарағандыдағы Бауыржан Момышұлы атындағы мектепте ашылған жаңа күрес залы осы қағиданың жарқын көрінісіне айналып, енді жүздеген оқушыға спортпен тегін айналысуға мүмкіндік бермек. «Мектептегі күрес лигасы» жобасы аясында жабдықталған заманауи зал енді жас балуандардың шеберлігін шыңдап, спортқа бейімі бар оқушылардың кәсіби жолға қадам басуына мүмкіндік береді.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа залдың ашылу салтанатына облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен Қазақстан Республикасының Күрес федерациясының президенті Еркін Окасов қатысты. Сондай-ақ, шараға спорт ардагерлері, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушылары мен елге танымал балуандар арнайы шақырылды.

Салтанатты жиында сөз алған аймақ басшысы балалар арасында күресті дамытудың маңыздылығына тоқталды.

— Бүгінде балалар арасында күресті дамыту айрықша маңызға ие. 2026 жылғы маусымда Туризм және спорт министрлігі, Оқу-ағарту министрлігі және Қазақстанның Күрес федерациясы бұқаралық спортты дамытуға, сондай-ақ, оқушылар арасында

еркін, грек-рим және әйелдер күресін барынша қолжетімді етуге бағытталған «Мектептегі күрес лигасы» жобасы аясында меморандумға қол қойды. Бұл залдың ашылуы — осы бастаманы жүзеге асыру жолындағы тағы бір нақты қадам. Мұнда мықты спортшылар ғана емес, мақсаты айқын, тәртіпті әрі елге қызмет етуге лайықты азаматтар тәрбиеленеді, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өңір басшысы жас спортшылар мен олардың жаттықтырушыларына толағай табыс тілеп, жаңа жеңістерге жетулеріне тілек білдірді.

Қарағанды топырағы талай тарланның томағасын сыпырып, ел намысын халықаралық аренада абыроймен қорғаған сандақтарды тәрбиелеген. Олардың қатарында әлем чемпиондары Амангелді Жаппаров пен



Серік Алшынбаев, Азия чемпионаттарының жеңімпазы әрі бірнеше дүркін жүлдегері Ибрагим Магомадов, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері Эльмира Сыздықова және басқа да белгілі

балуандар бар.

Бұл дәстүрдің жалғасын табуына жаңа спорт залдары да өз үлесін қоспақ. Қазақстан Республикасының Күрес федерациясының президенті Еркін Окасов жас спортшыларды жаңа залдың ашылуымен құттықтап, алдағы жоспарларымен бөлісті.

— Алдағы уақытта аймақ мектептерінде осындай 10-ға жуық зал ашуды жоспарлап отырмыз. Біздің мақсатымыз — тек күресті дамыту ғана емес, жалпы жастарды спортқа тарту. Спортпен айналысқан адам түптің-түбінде биік белестерді бағындырады, — деді Еркін Окасов.

Салтанатты шара барысында федерация өкілдері мектепке спорт залын қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге арналған сертификат табыстады.

Жаңа залда оқушылар күрестің үш бағыты бойынша грек-рим, еркін және әйелдер күресінен жаттыға алады. Мұнда жас балуандардың тұрақты дайындалып, техникалық шеберлігін жетілдіруіне, сондай-ақ, түрлі деңгейдегі жарыстарға тыңғылықты әзірленуіне барлық жағдай жасалған.



— Мектепте жүзу, шахмат, волейбол, баскетбол және басқа да спорт түрлері бойынша 17 үйірме мен секция жұмыс істейді. Қазірдің өзінде оқушыларымыздың 70 пайыздан астамы осы үйірмелер мен секцияларға қатысады. Жаңа оқу жылынан бастап, бұл бағыттағы мүмкіндіктеріміз одан әрі кеңейеді: күрес бойынша тегін секциялар ашылады. Бұл балаларымыз арасында салауатты өмір салтын насихаттаудағы тағы бір маңызды қадам болады және олардың спорттық

ларда еліміздің намысын абыроймен қорғауын тілеймін, — деді ол.

Бүгінгі жас балуан — ертеңгі ел чемпионы. Ал, үлкен спортқа бастар жол дәл осындай қарапайым мектеп залдарынан басталады. Сондықтан, жаңа спорт нысанының есігі ашылған сайын Қарағандыдан ел намысын қорғайтын чемпиондардың шығуына мүмкіндік көбейе түспек.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Ауылдың ажарын ашады

Ауылдың нағыз әл-ауқаты ондағы халықтың тұрмыс сапасымен, ертеңге деген сенімімен өлшенсе керек. Балаға ойын алаңы, ересектерге тынығатын саябақ, ал, жас маманға еңселі баспана бұйырса, ауылдың да құты қаша қоймасы анық. Нұра ауданына қарасты елдімекендердегі осындай ілкімді істер жергілікті кәсіпкерлер мен ірі шаруа қожалықтарының қолдауы арқасында оң шешімін тауып келеді.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұзбел ауылында көп ұзамай тұрғындардың бас қосып, серуендейтін жаңа орны пайда болмақ. Енді «Пржевальское» ЖШС өз қаражатына саябақ құрылысын қолға алды.

— Туған ауылымның дамуына үлес қосуды азаматтық борышым деп санаймын. Саябақтың құрылысын бастадық. Аумағын абаттандырып, көгалдандырамыз, орындықтар орнатып, жолына тас төсеп, жарықтандыру жүргіземіз. Қазір құрылыс басында бес адам еңбек етіп жүр, — дейді серіктестік директоры Әлібек Тәттібаев.

Ал, Изенді ауылында тұрғындардың тілегі таразыланды. Былтыр мектеп жанынан шағын орталық ашылған соң бүлдіршіндердің таза ауада ойнап, серуендейтін жеке алаңына қажеттілік туын-

даған еді. Тұрғындардың өтінішін ескерген «Нұра» кәсіпорны мектеп ауласынан жаңа ойын алаңын салып берді.

— Жаңа алаң балалардың сүйікті орнына айналып үлгерді. Түскі ұйқыдан тұрған бойда сыртқа шығып, ойнауға асығатынының өзі соны аңғартады. Ең бастысы, бүлдіршіндердің таза ауада қауіпсіз әрі еркін қимылдап, бірге жетті маманды шақырып, пайда болды. Мұндай жағдай олардың денсаулығына да, көңіл күйі мен дамуына да оң әсер етеді, — дейді мектеп директоры Салтанат Бердешова.

Нұра ауданындағы тағы бір өзекті мәселе — ауылға қажетті маманды шақырып, әрі оны тұрақтандыру. Шахтерское ауылында осы түйткілдің түйіні баспана салу арқылы тарқатылмақ. Мұнда жалпы аумағы 540 шаршы метр болатын екі екіпәтер-



лі тұрғын үй салынып жатыр.

Жаңа үйлер инженер-электрикке, гидротехникке, дәрігер мен учаскелік полиция инспекторына беріледі. Әр пәтерге жеке гараж да қарастырылған. Құрылысты қыркүйекте аяқтау межеленген.

«Шахтерское» ЖШС директоры Георгий Прокоптың айтуынша, шаруашылық ауқымы ұлғайған сайын білікті маманға деген сұраныс та артып келеді.

— Ауыл шаруашылығы өндірісін кеңейтіп, егіс алқаптарының көлемін ұлғайтып жатырмыз. Алдағы уақытта жаңа мамандарды, соның ішінде шетелден де шақыру жоспарда бар. Сондықтан, тұрғын үймен қатар жатақхана құрылысын да бастадық. Жатақхана үш секциядан тұрады. 90 адамға шақталған. Алдағы уақытта жасанды интеллект технологиялары қолданылатын автоматтандырылған қойма салуды және сыйымдылығы 15 мың тонна болатын қосымша картоп қоймасын тұрғызу да көзделіміз, — дейді кәсіпорын басшысы.

Нұра ауданындағы әлеуметтік жобалардың ауқымы әртүрлі болғанымен, діттегені бір. Кәсіп пен ел мүддесі осылай тоғысқанда, ауылдың да оң бағытты өркендейтіні хақ.

Сурет облыс әкімдігінің
сайтынан

Инвесторларға мол мүмкіндік

Облыстағы «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағының аумағы кеңейтіледі. Балқаш қаласы, Қарқаралы және Бұқар жырау аудандарында үш жаңа субаймақ құру жоспарланып отыр. Бұл өңірге инвестиция тартуға және жаңа жобаларды іске асыруға қосымша мүмкіндік береді. Жаңа инвесторларға инженерлік инфрақұрылымы дайын жер учаскелері ұсынылады.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа субаймақтардың екеуі — Балқаш пен Қарқаралыдағы аумақтар туризм саласын дамытуға бағытталмақ. Ал, Бұқар жырау ауданында өнеркәсіптік жобаларды жүзеге асыруға басымдық беріледі.

Балқаш қаласында заманауи туристік инфрақұрылым қалыптастыруға күш салынады. Мұнда қонақүй кешендері, мейрамханалар, қызмет көрсету және демалыс орындарын салуға мүмкіндік жасалады.

— Балқаш субаймағында заманауи қонақүй кешендері мен мейрамханалар, жаңа қызмет көрсету және демалыс нысандарын салуға жағдай жасалады. Бастапқы кезеңде шамамен 26,5 млрд теңге инвестиция тартылып, 600-ден астам жұмыс орнын құру көзделіп отыр, — дейді кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Ғазалиев.

Жобалардың жүзеге асуы Балқаштың туристік әлеуетін одан әрі арттыруға мүмкіндік береді. Қалаға келетін қонақтарға көрсетілетін қызмет түрлері көбейіп, демалыс орындарының инфрақұрылымы жаңарады. Сонымен қатар, жаңа нысандардың ашылуы жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға әсер етпек.

Қарқаралы ауданындағы субаймақ та туризм саласына бағытталады. Мұнда өңірдің табиғи, тарихи және мәдени ерекшеліктерін



тиімді пайдалану көзделіп отыр. Атап айтқанда, экологиялық, этнографиялық, сауықтыру және спорттық туризм бағыттарын дамытуға мүмкіндік артады. Бұл ауданның туристік тартымдылығын күшейтіп, жаңа демалыс орындарын ашуға және кәсіпкерлік бастамалардың көбеюіне жол ашуы мүмкін. Қарқаралының табиғаты мен тарихи-мәдени нысандары туристер үшін қызықты бағыттардың бірі саналады. Жаңа инвестициялық жобалар өңірдің туристік әлеуетін экономикалық мүмкіндікке айналдыруға бағытталмақ.

Бұқар жырау ауданында жаңа өнеркәсіптік субаймақ құрылады. Ол Севан ауылының маңында орналасып, аумағы 40 гектарды құрайды. Мұнда он жаңа өнеркәсіптік жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Өндіріс орындарының іске қосылуы аудан экономикасын әртараптандырып, жергілікті жерде жаңа жұмыс орындарын

ашуға мүмкіндік береді.

Осылайша, үш субаймақтың әрқайсысына өңірдің ерекшелігіне қарай жеке бағыт беріледі. Есептеулерге сәйкес, «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағын кеңейту нәтижесінде өңірге шамамен 90 млрд теңге инвестиция тартуға мүмкіндік туады. Сонымен бірге, екі мың жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. Бұл бастама инвестициялық белсенділікті арттырып қана қоймай, облыстың әр ауданындағы экономикалық әлеуетті тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бір жағынан туристік нысандар көбейіп, қызмет көрсету саласы дамыса, екінші жағынан жаңа өндіріс орындары ашылады.

Арнайы экономикалық аймақты кеңейту арқылы мемлекет инвесторларға дайын инфрақұрылымы бар аумақ ұсынып, жаңа жобалардың іске асуына қолайлы жағдай жасауды мақсат тұтады.

Ел тағдырын екшейтін тұғыр

Қазақстан Республикасы үш онжылдық ішінде тұңғыш рет билік сәулетін қалай өзгерте алды? «Құрылтай» деген қасиетті ұғым неге қайта оралды? Асқақ атаудың жаңғыруы – тарихи сабақтастықтың көрінісі ме, әлде мемлекетті басқарудың жаңа моделіне бастар жол ма? Мәжіліс пен Сенаттан кейінгі жаңа саяси құрылым елдің ертеңіне қалай әсер етеді? Ең бастысы, 23 тамызда қазақстандықтар қандай тарихи таңдау алдында тұр?



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен айтарымыз, «Құрылтай» сөзі кенсе қабырғасынан немесе заңнамалық сөздіктен келе салмады. Құрылтай бізге ұлы даладан, ежелдегі ел билеушілері бас қосып, мемлекеттің тағдырын шешкен заманнан жетті. Сол даңғайыр жиындарда хандар сайланып, бітім жасалды. Ол кезде құрылтай бір жерге топтасқан күллі жұрттың ықтияры үні еді. Бүгін болса, осы ұғым сана көкжиегіне қайта оралып, сол бір тарихи мағынасына жаңа сипат үстеп отыр. Тек енді ат тұяғы дүбірлеген сәмиян даладағы жиынның орнын сайлау жәшіктері, бюллетеньдер мен Орталық сайлау комиссиясы толықтырады.

Биыл І шілдеге дейін Қазақстан қос палаталы Парламенті қалыптасқан, көпшілікке әбден таныс жүйемен жұмыс істеді. Кез келген Заң жобасы алдымен Мәжілісте әзірленіп, Сенатта пісіп-жетіліп, содан кейін ғана Президенттің қарауына жолданып. Елдегі саяси жүйенің ажырамас бөлігіне айналған мұн-

дай құрылым отыз жылға жуық уақыт бойы қалыпты құбылыс саналып келді. Тіпті, жыл мезгілдерінің алмасуы секілді үйреншікті көрініс-тұғын.

Халық Конституцияның қабылдануымен қалыптасқан ығрақ соны сүрлеуге түсті. Мәжіліс пен Сенаттың өкілеттігі тоқтатылып, олардың орнына бірыңғай Заң шығарушы орган – Құрылтай келді. Келер күндерде Заң қабылдау, мемлекеттік бюджетті бекіту және миллиондаған қазақстандықтың күнделікті өміріне әсер ететін маңызды мәселелерді шешу жауапкершілігі осы органға жүктеледі. Қос палаталы модельден бір палаталы жүйеге көшу – саяси-философиялық тұрғыдан да салмақты қадам. Яғни, посткеңестік кеңістіктегі көптеген мемлекеттерге таныс тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесінен бас тартып, шешім қабылдауды анағұрлым тікелей әрі, реформаны қолдаушылардың пікірінше, жедел жүзеге асыратын модельге бетбұрысты білдірсе керек.

Алайда, жылдамдық әрдайым тиімділікке бастай ма? Екі палаталы жүйенің басты артықшылықта-

рының бірі болған тежемелік тетігі бір палаталы құрылым жағдайында қалай қамтамасыз етіледі? Құрылтай Заң шығару үдерісінің жеделдігін арттыра отырып, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтай ала ма? Бұған уақыт өзі жауап береді. Ақиқаты, келісімді мерзім ішіндегі қолайлы шешімді қабылдай алатын сананың жаңғыруы сөзге түскен істі әсте көтермесі хақ.

Бөгенайы бөлек сайлаудың қисабын бір ғана дәйексөздік формулаға сыйғызуга болар. 145 депутаттық мандат, 546 кандидат, жеті партия, бюджеттен бөлінетін 34,3 миллиард теңге. Сандар соңында толғаулы тарих, саяси бәсеке және елдің асыл тандыруы тұр. Партиялық тізімдер түзіліп, бекітілді. Соңғы апталарда ақпарат кеңістігін толтырған партиялық ұрандар мен уәде-уәждердің мәні де дәл осы кезеңде таразыланады. Сайлауға қатысу партиялар үшін де тегін емес. Қолданыстағы тәртіпке сай кес, әр кандидат үшін сайлау жарнасы 15 ең төменгі жалақы, яғни, 1 миллион 275 мың теңге көлемінде белгіленген. Не дегенімізбен,



заңнамада жеңілдіктер де қарастырылған. 2023 жылғы Мәжіліс сайлауында 5 және одан да көп пайыз дауыс жинаған партиялар жарна төлеуден толық босатылады. Ал, 3-тен 5 пайызға дейін дауыс алғандар оның жартысын ғана төлейді. Қалғандары белгіленген соманың 70 пайызын өтейді. Алғашқы Құрылтай сайлауын ұйымдастыруға мемлекет те қомақты қаржы сарп етпек. Үкімет қорынан 34,3 миллиард теңге бөлінді.

Бастысы, «Мұндай саяси өзгерістен соң-ақ қарапайым тұрғын не сезінеді?» деген сындарлы сауалға да жауап іздеп көрелік. Мұндай реформалардың басты парадоксы да жоқ емес. Сайлауыт шактан соңғы күндері қаймана ел ешқандай өзгерісті бірден байқамауы кәдік. Жолашуы көлігі бұрынғы бағытпен жүре бермек. Мектептер әдеттегі уақытта есігін айқара ашпақ. Зейнетақы мен жәрдемақы белгіленген күні есепшотқа түсе бермек. Билік жүйесіндегі өзгеріс әсері біртіндеп, жаңа құрамдағы депутаттар айлар мен жылдар өзі қабылдайтын Заңдар арқылы сезіле бастайды.

Құрылтай құрамының әрбір мүшесіне ел өміріне тікелей әсер ететін маңызды шешімдер қабылдау міндеті жүктеледі. Өйткені, халықтың Құрылтайға деген сенімі немесе сенімсіздігі дәл осы күнделікті тіршіліктің қарапайым сұрақтарына берілген нақты жауаптардан қалыптасады. Құрылтай тарихи атаумен аталғанымен, оның жұмысының бағасы халықтың ең қарапайым өмірлік мәселелерінен көрінбек.

23 тамыз – Халық Конституцияның қабылдануымен басталған, айларға созылған дайындықты, партия съездерін, сайлауалды пікірталастар мен саяси бәсекені қамтыған мемлекеттік биліктің соны сәулетіне көшу үдерісін түйіндейтін тарихи белес. Тұтас халықтың бас қосып, елдің ендігі бағытын айқындайтын қастерлі сәті.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ПІКІР

Тарихтың биік белесі

Еліміздің өкілді билігінің жаңа жоғары органы жалпыхалықтық сайлау нәтижесінде құрылып, биылғы қыркүйек айында өз жұмысына кіріседі. Осылайша, тәуелсіз Қазақстан тарихында жаңа кезең басталмақ. Бір жағынан, Парламент саяси партиялардың демократиялық бәсекесіне негізделген орнықты дәстүр аясында қалыптасады. Екінші жағынан, Құрылтай қазақ халқының өзіндік халықтық өкілдік жүйесінің жарқын көрінісіне айналуға тиіс.

Бір Палаталы парламентті Қазақстанның даму жолындағы құндылықтарға адалдық айқындайды. Бұл – өткен жылдардағы жетістіктердің сабақтастығы мен мемлекеттіліктің іргелі институттарының беріктігінің көрінісі. Сонымен қатар, еліміздің әлем мемлекеттері арасындағы лайықты орнын нығайтатын заңдардың жедел қабылдануына жол ашатын маңызды алғышарт.

Менің түсінігімде, Қазақстанның жаңа Парламенті – білімді, білікті әрі адал азаматтардың басын қосатын орта болуы керек. Мүмкін, бұл – идеалға ұмтылу шығар. Дегенмен, оның бойынан әл-Фараби сипаттаған «Қайырымды қала» қағидаттарының белгілерін көргім келеді.

Басқаша айтқанда, Құрылтай жауапкершіліктің, ғылыми көзқарастың және парасаттылықтың орталығына айналуға тиіс. Еліміздің әр өңірінде әртүрлі сипатқа ие, ұзақ уақыттан бері шешімін күткен күрделі мәселелер жан-жақты әрі терең зерттелуі қажет.

Мен депутаттардан популистік мәлімдемелерді емес, сайлаушылар көтерген мәселелердің мәніне үңіліп, олардың барлық қырын жан-жақты зерделеуді күтемін. Ол үшін жергілікті жерлерде сарапшылар тобын құрып, өмірлік маңызы бар барлық салаларды талдауға бағытталған депутаттық тапсырмалар әзірлеген жөн.

Мысалы, сумен қамтамасыз ету және су ресурстарын ұтымды пайдалану мәселелері. Оларды зерттеуге мамандарды,

жас ғалымдарды, сондай-ақ, мұрағаттармен, ресми құжаттармен, келісімшарттармен және жобалармен жұмыс істеуде мол тәжірибесі бар су шаруашылығы саласының ардагерлерін кеңінен тартуға болады. Немесе экологиялық талаптар тұрғысынан көмірсутек энергетикасы мен болашақ металлургиясының даму перспективалары. Бұл – біздің өңір үшін аса маңызды бағыттың бірі. Осы салада жинақталған тәжірибе де, ұсыныстар да, жүзеге асқан әрі алдағы уақытта іске асырылатын шешімдер де аз емес. Халықтың сұранысы мен ғалымдар мен өнеркәсіп өкілдерінің беделді пікірлерін үйлестіре отырып, ортақ шешім қабылдау – Парламент пен облыстық мәслихат депутаттарының қолынан келетін іс. Сондықтан, депутаттар бұл мәселеге айрықша көңіл бөліп, жүйелі сараптамалық жұмысты жақын арада қолға алуы тиіс.

Сондай-ақ, конституциялық құқықтардың мызғымастығын қамтамасыз ету, құқықтық мәдениетті дамыту, заңдардың қолданылу тәжірибесіндегі мәселелерді шешу де – экономикалық, экологиялық және әлеуметтік күн тәртібінен кем түспейтін маңызды қызмет бағыттары.

Құрылтай ел үмітін ақтап, жоғары кәсіби деңгейде жұмыс істейтін, халықтың үнін еститін және халық билігінің шынайы жоғары органы болады деп сенемін.

Вилен МОЛОТОВ-ЛУЧАНСКИЙ, медицина ғылымдарының докторы, профессор

Қауіпсіздікті камера қадағалайды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдағы заң үстемдігін нығайтып, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындады. Осы міндеттің нақты жалғасы ретінде «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы қабылданды. Заң талаптарын құрметтейтін орта қалыптастыру, құқық бұзушылықтың алдын алу, азаматтардың құқықтары мен заңды мүддесін қорғау, полиция мен қоғам арасындағы сенімді нығайту да осы жүйенің маңызды бөлігі. Облыстың полиция департаменті жұмысына зер салсақ, аталған міндеттердің бір-бірімен сабақтаc бірнеше бағытта жүзеге асып жатқанын көруге болады.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Полиция департаментінің соңғы мәліметтеріне сүйенсек, аймақтағы құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жұмысы істі жедел ашу, профилактика, қоғамдық қауіпсіздік, ұйымдасқан қылмысқа қарсы іс-қимыл, цифрлық технологияларды пайдалану және полиция қызметкерлерінің кәсіби даярлығын жетілдіру бағыттарында қатар жүргізілуде.

Әр оқиғаның өз ерекшелігі болғанымен, олардың барлығын біріктіретін ортақ өлшем бар. Ол – құқық бұзушылықты ашумен қатар, оның алдын алумен де жүйелі түрде жұмыс істеу.

Қазіргі полиция жұмысында технологиялық мүмкіндіктердің салмағы артып келеді. Атап айтсақ, Қарағандыда тұрғын үй кіреберісінен велосипедтің ұрпаған күдіктіні анықтауға бейнебақылау камералары көмектесті. 62 жастағы зейнеткердің мүлкіне қатысты дерек бойынша жедел-тергеу тобы оқиға орнына шығып, камера жазбаларын зерделеу арқылы ұрлықтың жасалу уақытын және мән-жайын анықтаған. Нәтижесінде күдік көршілес үйде тұратын 26 жастағы азаматқа түсіп, ол ұсталды.

Бейнебақылау мүмкіндігі басқа қылмыстарды ашуға да нәтиже беруде. Сауда нүктесінен ұрланған арнайы магнит бойынша полиция күдіктіні анықтап, оның өзге бұйықтардағы ұрлыққа қарсы құрылғыларды шешіп, тауар ұрла-

уды жоспарлағанын анықтады. Ал сәулелік салонндағы ақша ұрлығы бойынша бейнекамера жазбалары күдіктілердің әрекетін анықтауға мүмкіндік беріп, олар қаладан шығып кетуге әрекет жасаған кезде теміржол вокзалында ұсталды. Яғни, цифрлық бақылау құралдарының тиімділігі тек жасалған қылмысты тіркеумен шектелмей, қылмыстың ықтимал жалғасын болдырмауға да әсер етеді.

Дерекке сүйенсек, биыл қоғамдық орындарда жасалған қылмыстар – 32 пайызға, көше қылмыстары 39 пайызға азайып, интeрнет-алаңақтыққа қарсы іс-қимыл күшейтілген.

Негізгі мақсат – заң үстемдігін қамтамасыз етіп, әділетті қоғам құруға үлесімізді қосу. Біз қоғаммен, халықпен тығыз байланыстамыз. Әрі осы ынтымақтастық біз үшін өте маңызды, – дейді облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Жасқайрат Қайыров.

Қоғамдық қауіпсіздік ұғымы қылмыстық істермен ғана өлшенбейтіні анық. Күнделікті ортадағы тәртіп пен тазалықтың сақталуы да азаматтардың қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы полиция рейдтерінің мәні бөлек. Қысқа уақыт ішінде Қарағандыда 130 рейдтік іс-шара өткізіліп, 9 840 абағаттандыру ережесін бұзу дерегі анықталған. Жауапты тұлғаларға 119 нұсқама беріліп, заңсыз қамалталған қалдықтарды тасымайлауға қатысы бар 13 көлік арнайы айып тұрағына қойылған.



Мұнда жазалау шараларымен қатар профилактиканың қатар жүргені маңызды. Полиция қызметкерлері жеке сектор тұрғындарымен және кәсіпкерлік нысандардың өкілдерімен 300-ден астам түсіндіру жұмысын жүргізген. Азаматтарға қоқысты белгіленбеген жерге тастамау, абағаттандыру талаптарын сақтау және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау қажеттігі түсіндіріліп отырады. Демек, «Заң мен тәртіп» қағидаты қоғамдық кеңістіктегі ұсақ тәртіпсіздіктерге көз жұма қарамаудан басталатын құқықтық мәдениетпен де тікелей байланысты.

Қауіпсіздік жүйесінде полицияның жедел мүмкіндігімен қатар арнайы дайындықтан өткен қызметтік иттердің де орны бар. Бір атта ішінде, облыс полицейлері дына кинологтармен бірге екі жоғалған баланы және 12 бас жылқыдан тұратын үйірді тапқан. Қарағандыда жоғалған жеті және бес жастағы балалар қысқа уақытта ата-аналарына қайтарылса, келесі күні қызметтік иттер жоғалған жылқының ізіне

түсіп, оны қоршалған құрылыс нысаны орналасқан аумақтан тапқан. Мұндай жағдайлар полиция жұмысының кейде кәсіби машық пен тәжірибеге сүйенетінін көрсетеді. Қылмысты ашудың жеделдігі тұрғындардың қауіпсіздік сезіміне тікелей ықпал етеді. Балқон арқылы пәтерге кіріп, үй иесін пышақпен қорқытып, ұялы телефонның ұстап кеткен 22 жастағы күдіктінің алуында патрульдік полиция қызметкерлерінің жедел-іздістіру жұмысы нәтиже берген. Сол сияқты көлік-ті заңсыз айдап кеткен күдіктінің оқиға орнында ұялы телефонның қалдыруы оның жеке басын анықтау мүмкіндігін жеделдетті. Ал, бөтеннің әмиянын алып, банк картасы арқылы дүкендерде төлем жасаған 37 жастағы күдікті де жедел шаралардың нәтижесінде қолға түсті.

Мұндай мысалдардан бір заңдылық байқалады. Қазіргі полиция қызметінде ақпаратты жылдам алу, оны саралау және әртүрлі құралдарды бір жүйеге біріктіру маңызды. Бейнебақылау, саусақ іздері, жедел-іздістіру шаралары, патруль-

дік қызмет, кинологиялық бөлімше – әрқайсысы жекелеген функцияларды атқаратын құрылымдар болғанымен, түпкі нәтиже олардың үйлесімді жұмысына байланысты. Қарағандыдағы полицияның ресми ресурстарында да қылмысты ашуға бейнебақылау, «Сергек» жүйесі және жедел-криминалистикалық әдістердің қолданылғаны жөніндегі мысалдар тұрақты жарияланып келеді.

Заң мен тәртіпті қамтамасыз етудің тағы бір өлшемі – полиция қызметкерінің өз кәсібіне дайындығы. Бұл мәселеге Ішкі істер министрлігінің Жеке құраммен жұмыс департаментінің бастығы, полиция полковнигі Олжас Мырзабековтің облысқа жұмыс сапары барысында да назар аударылды. Қарағанды қаласы полиция басқармасының саптық алаңында өткен кездесуде қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы айтылып, полиция қызметкерлеріне «Заң мен тәртіп» қағида-тын берік ұстану қажеттігі түсіндірілді.



– Полиция қызметкерлерінің басты міндеті – халықтың тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осы бағытта өздеріңізге жүктелген міндеттерді сапалы әрі бұлжытпай орындайды деп сенеміз, – деді Олжас Мырзабеков.

Министрдің бұйрығымен жұмыс барысында қызметтік міндеттерін мінсіз атқарып, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге үлес қосқан бірқатар полиция қызметкерлері марапатталды.

Тұжырымдаманың өзі де құқық қорғау органдары жұмысының философиясын өзгертуге басымдық береді. Құжатта полицияның құдалау-жазалау риторикасынан азаматтармен серіктестікке көшуі, құқықтарын түсіндіруі, жұртшылықпен сыйластық негізінде өзара іс-қимыл жасауы маңызды міндеттердің бірі ретінде көрсетіледі. Сонымен бірге, құқық бұзушылық профилактикасы мен азаматтар үшін қауіпсіз орта қалыптастыру тұжырымдаманың негізгі бағыттарының қатарына енгізілген.

Сондықтан «Заң мен тәртіпті» тек полицияның қылмыспен күресі ретінде қабылдау жеткіліксіз. Оның ауқымы кең. Ол – көшедегі тәртіптен бастап адамның мүлкін қорғауға, ауылдағы мал қауіпсіздігінен қоғамдық іс-шаралардағы тәртіпке, алаяқтықтың алдын алудан полиция қызметкерінің кәсіби мәдениетіне дейінгі тұтас жүйе.

Облыстың полиция департаменті жұмысының бүгінгі көрінісі осы міндеттің бірнеше бағытта қатар іске асырылып жатқанын аңғартады. Қылмысты аша отырып, оның алдын алу бар. Жедел әрекетпен бірге кәсіби даярлық пен қоғамдық түсіндіру де қатар жүреді. Технология ұтымды пайдаланылады. Алайда, адам факторы мен азаматпен тікелей байланыс өз маңызын жоғалтпайды. «Заң мен тәртіп» қағидатының өміршеңдігі де осындай жүйелі жұмыстың тұрақтылығына байланысты.

Тұмса табиғаттың туристік әлеуеті

Қарағанды өңірінің экотуризмді дамытуға әлеуеті зор. Бұл бағыттағы негізгі туристік нысандардың қатарында Қарқаралы және Бұйратау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі бар. Қос ұлттық парк те жыл сайын туристердің қызығушылығын арттырып, саяхатшыларды өзіне тартуда. Бүгінде табиғи мұраны сақтай отырып, экотуризмді дамытудың жаңа бағыттарына басымдық беріліп отыр. Бұл ретте өңірдің көрікті жерлерін туристік айналымға енгізіп, инфрақұрылымды жетілдіруге және саяхатшылар үшін қолайлы жағдай қалыптастыруға ерекше мән берілуде.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Экотуризмнің жаңа белесі

Бизнес өкілдері үшін ұлттық парктің төрт функционалдық аймағы бар. Оның ішінде, рекреациялық және шектеулі шаруашылық қызмет аймағының туристік әлеуеті ерекше. Рекреациялық аймақта кәсіпкерлер туристерге арналған жаңа маршруттар әзірлеп, жаяу, атпен және аралас бағыттағы экологиялық сокпақтар ұйымдастыра алады. Мамандар бұл бағытты табиғат аясындағы демалысты заманауи туристік сервистермен ұштастырып, өңірдің тартымдылығын арттыруға жол ашады деп отыр.

– Қолданыстағы талаптарға сәйкес, жер учаскелері бес жылға дейінгі мерзімге уақытша нысандарды орналастыру үшін берілуі мүмкін. Олардың қатарына шатырлы лагерьлер, глэмпингтер,



кемпингтер және күрделі құрылыс нысандарына жатпайтын өзге де туристік инфрақұрылым түрлері кіреді. Ең бастысы, ұлттық парктің табиғи келбеті мен экожүйесіне залал келтірмеу шарт.

Аукымды туристік жобаларды шектеулі шаруашылық қызмет аймағында да жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Бұл аумақта жер учаскелері 25 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Кәсіпкерлерге экологиялық талаптарды сақтай отырып, қонақүйлер, демалыс орындары және туристерге қызмет көрсетуге арналған өзге де нысандар салуға рұқсат етіледі, – деді Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің директоры Руслан Төлепбаев.

Туризмді дамыту жолындағы басты мәселенің бірі – инженерлік инфрақұрылым. Ал, ол үшін бөлінетін қажетті қаржы қомақты болуы қажет. Аймақта бұл мәселені шешу үшін тиісті жұмыстар атқарылууда. Бюджет қаражаты есебінен кезең-кезеңімен жоспар

құрылған. Яғни, мемлекет инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қажетті инженерлік желілерді жүргізуге жұмсалатын шығындардың бір бөлігін өз мойнына алмақ.

– Инвесторлар жобаларын ұсынса, су, электр энергиясы және интернет желісін тарту шығындарын жергілікті бюджет есебінен өтейміз. Бұл жаңа инвестициялық жобаларды іске асыруға, қосымша жұмыс орындарын ашуға және өңірдегі туристік әлеуетті одан әрі дамытуға жол ашады, – деді туризм басқармасының басшысы Ирина Любарская.

Осы тұрғыда «Бұғылы» рекреациялық аймағын нақты мысал ретінде алып қарасақ. Аталған аймақтың аумағы – 75 гектар. Алдағы уақытта бұл жерге ірі туристік кешен құру жоспарланып отыр. Жоба экотуризм аумағы, этноауыл, ойын-сауық саябағы, демалыс үйлері және тау шаңғысы кешені сынды бес функционалдық аймақтан тұрады. Сонымен қатар,

туындаған мәселелерді шешуге және мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдалану арқылы жобалардың шығынын азайтуға көмектесеміз, – деді Ирина Любарская.

Кезек пен қағазбастылықты жойған жүйе

Енді туристерге бақылау-өткізу бекетінде кезек күтіп, құжаттарды қолмен рәсімдеудің қажеті жоқ. Олай дейтініміз, Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде көлік қозғалысын бақылауға арналған алғашқы автоматтандырылған жүйе іске қосылды. Жаңа жүйе «Берлога» демалыс базасына және Шайтанкөл көліне апаратын туристік маршруттың кіреберісіндегі бақылау-өткізу бекетіне орнатылған. Кіру ақысын алдын ала немесе тікелей бекетте төлесеніз болды. Камера автокөліктің мемлекеттік нөмірін автоматты түрде танып, жүйе төлемнің жүргізіл-



ІШКІ ТУРИЗМ

– деді Руслан Төлепбаев.

Мұндай автоматтандырылған жүйе бүгінде Шарын және Баянауыл ұлттық парктерінде, «Қоясай көлдері» аумағында және Бурабай мен Көкшетауда жұмыс істеп тұр. Ал, Қарқаралыда әзірге ұлттық парктің алты туристік маршрутының біреуінде ғана іске қосылды. Енді «Шахтер» демалыс орны мен «Каскад» демалыс аймағына апаратын жолға осындай шлагбаумдар қойылады деп күтілуде.

– Алдағы уақытта автоматтандырылған бақылау жүйесін парктегі алты туристік маршрутқа кезең-кезеңімен енгізуді жоспарлап отырмыз. Бұл жүйе ең алдымен туристер үшін қолайлы. Кіру ақысын



дар, санитариялық-гигиеналық талаптар орнатса немесе туристік автобустар мен тау шаңғысы жабдықтарын сатып алса, онда осы салада қарастырылған мемлекеттік қолдау тетіктерін пайдалана алады. Яғни, кәсіпкерге жұмсаған қаржысының бір бөлігін мемлекет өтеп беру мүмкіндігі қарастырылған.

– Біздің тарапымыздан инвесторларға жан-жақты қолдау бар. Олар үшін арнайы инвестициялық гид әзірледік. Онда бос жер учаскелері мен кәсіпкерлер сатылымға ұсынған нысандар туралы ақпарат жинақталған. Бұл ұсыныстарды кәсіпкерлердің келісімімен бір арнаға тоғыстырып, инвесторларға қолжетімді еттік. Сонымен қатар, бизнеске туризм саласында тұрақты түрде қолдау көрсетіп,

генін тексереді. Егер барлық талап орындалса, шлагбаум өздігінен ашылады.

– Туризмді дамыту және келушілерге қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында бақылау-өткізу бекеттерін автоматтандыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп жатырмыз. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заң талаптарына сәйкес ұлттық парк туристік маршруттарға қызмет көрсету бойынша тиісті қызметтер ұсынады. Бұл ретте Экология министрлігі бекіткен тарифтер қолданылады. Мәселен, жеңіл автокөліктің ұлттық парк аумағына кіру құны тәулігіне – 0,5 АЕК, яғни, 2 162 теңге. Төлем көліктегі жолаушылар санына емес, көлік құралының өзі үшін ғана алынады,

алдын ала төлеп, паркке келгенде кідіріссіз бірден аумаққа өтеді. Өуре-сарсаңға салынып, уақыт жоғалтпайды. Туристер табиғат аясында алаңсыз демалып, кейін еш кедергісіз кері шығып кете алады, – деді Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің директоры Руслан Төлепбаев.

Бүгінде өңірде ішкі туризм қарқынды дамып келеді. Егер, табиғи әлеуетімізді тиімді пайдаланып, туристік инфрақұрылымды одан әрі жетілдіре түссек, Қарағанды өңірі шетелдік саяхатшылардың да қызығушылығын тудыратын, халықаралық деңгейдегі перспективалы туристік бағыттардың біріне айналары сөзсіз.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

Қолдау бар жерде самғау бар

(Соңы. Басы 1-бетте).

Кейде кәсіпкерлер де жыл сайын бірсарынды ұсыныстарын қайталап, соның салдарынан мол мүмкіндіктен қағылып жатады. Сондықтан, «Бұл өнімге немесе қызметке нақты сұраныс бар ма?» деген сауалға жауап табу маңызды шығар. Идеяның өміршеңдігін нақты дерекпен, тиімділігін дәлелді мысалмен көрсете білу керек. Ең бастысы, нарықтың бар екенін дәлелдеу. Тым болмаса, өндірілетін өнімнің бұған дейін қайда, кімге және қандай көлемде өткені туралы нақты ақпараттың болғаны жөн. Осындай шынайы әрі негізді көзқарас қана кәсіптің тамыр жаюына жол ашады, – дейді кәсіпкер.

Бағдарламаның басты артықшылығы – оның шағын елдімекендердегі кәсіпкерлерге бағытталуында. Мемлекет несие сыйақысының 40 пайызын субсидиялап, кәсіпкердің жонындағы қаржылық жүгін жеңілдетеді. Демек, кәсіпкер үшін жылдық мөлшерлеме кемінде 12,6 пайыз деңгейінде қалыптасады. Мұндай қолдау үш жылға дейін көрсетіледі. Ал, қомақты қаржыны кәсіпкер өз қажетіне қарай, жабдық сатып алуға, жаңа өндіріс ашуға, жұмыс істеп тұрған кәсібін кеңейтуге, инвестиция жасауға, яки, күнделікті айналым қаражатын толықтыруға жұмсай алады. Бағдарламаның берері бір ғана бағытпен шектелмейді. Ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеуден бастап, азықтүлік, жиһаз, құрылыс материалдары, аяқ киім мен қаптама өндіруге дейінгі нақты кәсіп түрлеріне қолдау көрсетіледі. Әр өңір өз кезегінде жергілікті сұраныс пен қажеттіліктер ескере отырып, басым бағыттардың аясын кеңейте алады. Өңірде «Іскер аймақ» бағдарламасы маусым айында іске қосылды. Содан бері жалпы сомасы 221

млн теңгені құрайтын алты жоба қолдауға ие болған. Оның ұзына қатарында сүт өңдеу, бройлер балапан етін өндіру, аяқ киім тігу, жеңіл металдан қаптама және терезе жасау жобалары және бар. Бұдан бөлек, тағы 48 жоба бүгінде қарастырылу үстінде.

Әр кәсіптің жолында кейде қаржыдан бұрын кепіл мәселесі көлденең тұратыны аян. Күрделі жағдайда кәсіпкердің қолтығынан «Даму» қоры демей алады. Кепіл мүлкі жеткіліксіз болса, Кепілдік қоры арқылы қаржыландыруға жол ашылады. Бірінші бағыт бойынша жобаға 7 млрд теңгеге дейін қаржы тартылып, оның 85 пайызына дейінгі, бірақ, 3,5 млрд теңгеден аспайтын бөлігіне кепілдік беріледі. Ал, ауқымды жобалар үшін кепілдік қоры қаржыландыру көлемі 7 млрд теңгеден асқан жағдайда, жоба құнының 30 пайызына дейін кепілдік қарастырылған. Оның мерзімі 20 жылға дейін жетеді.

Кәсіптің құрал-сайманы да заманға сай болмағы ләзім. Осы ретте жабдықтарын жаңартқысы келетін кәсіпкерлер үшін «Өрлеу – Лизинг» бағдарламасы бар. Ол арқылы жаңа техника мен жабдықты жылдық 12,6 пайызбен, 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге, 500 млн теңгеге дейін қаржы тартып алуға болады. Бастапқы жарна 10 пайыздан басталады, әрі қосымша кепіл талап етілмейді. Кәсібін кеңейтіп, ірі жобасын қолға алғысы келетіндер үшін «Өрлеу» бағдарламасы қарастырылған. Мұнда соңғы қарыз алушы үшін мөлшерлеме – жылдық 12,6 пайыз. Инвестициялық мақсаттарға 7 млрд теңгеге дейін қаржыны 10 жылға дейінгі мерзімге алуға болады. Облыста жыл басынан бері жалпы сомасы 700 млн теңгені құрайтын сегіз жоба қаржыландырылды.

– Мұндағы бір ерекшелік – басым бағыттарды айқындау ісіне әкімдіктер мен «Ата-

мекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының белсенді қатысуы. Өйткені, әр өңірдің экономикалық әлеуеті мен өзіндік ерекшелігі бар. Сондықтан, қолдаудың нақты нысанаға жетуі үшін әр аудан жергілікті экономиканың мүмкіндігін ескере отырып, қосымша алты бағытқа дейін белгілей алады. Жалпы, 2028 жылды қоса алғандағы кезеңде бағдарлама аясында 1,2 трлн теңге көлеміндегі кредиттерді қолдау көзделген. Бұл жыл сайын шамамен 5 мың жобаны қаржыландыруға мүмкіндік береді, – деді «Даму» қорының Басқарма төрағасы Фархат Сарсеев.

«Егер отын қылар ағашты өзің жарсаң, жылуына екі рет жылынарысың», – деген Генри Фордтың әйгілі сөзі көп жайды аңғартқандай. Шын мәнінде, маңдай термен келген нәпақаның қадірі бөлек, өз қолымен жасаған істің берекесі ерек. Ойға сергек, іске мығым кәсіп иесі мүмкіндікті күтпейді, оны өзі қалыптастырады. Үнемі ұқсатқан, еңбекті еселеген жерде игіліктің де өрісі кеңейеді. Адам баласының еншісіндегі әр аптаның 168 сағаты – уақытты ұқсатса білгенге берілген теңдессіз қайнар көз. Жаңбыр жауып тұрса да, жатып алып су сұрайтын, аспаннан ырыс күтетін заман өткені айдан анық, күннен қанық ақиқат. Бүгінгі ауылдың да, ауыл кәсіпкерінің де талабы – еңбекке сүйеніп, мүмкіндікті тиімді пайдалану. Мемлекет басшысының кәсіпкерлікті қолдау, ауылдағы іскерлік бастамаларға жол ашу жөніндегі тапсырмалары өңірде кезең-кезеңімен жүзеге асып келеді. Жоғын жоқтай бермей, барын дамытқан қыр кәсіпкері де он берекетінің тоғызын осы сынды игілікті бағдарламадан ала білмек.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Жолыңыз болсын, жолаушы!

Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында көлігі істен шыққан жүргізушілерге жедел техникалық көмек көрсететін жаңа сервис іске қосылды. «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы Қарағанды өңірлік көлік прокуратурасымен бірлесіп, қолға алған пилоттық жоба әзірге «Астана-Аршалы» және «Астана-Теміртау» бағыттарында жүзеге асырылуда.

Жол үстінде көліктің аяқ астынан істен шығуы немесе дөңгелектің жарылуы жүргізуші үшін ғана емес, басқа да жол қозғалысына қатысушылар үшін қауіп тудыруы мүмкін. Осындай күтпеген жағдайда көлік тізгіндеуші 1403 бірыңғай байланыс орталығына хабарласып, операторға өзінің нақты орналасқан жерін, қозғалыс бағытын және туындаған мәселені хабарлай алады.

Өтініш қабылданғаннан кейін оқиға орнына арнайы техникалық көмек көрсету экипажы жіберіледі. Қызмет жүргізушілерге тегін көрсетіледі.

Пилоттық жоба аясында жол бойында арнайы қызғылт сары түсті пикаптар кезекшілік етеді. Көліктер алғашқы техникалық көмек көрсетуге қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған әрі арнайы жарық сигналдарымен жабдықталған. Ашық түсті болуы олардың трассада алыстан анық көрінуіне мүм-

кіндік береді.

Мамандардың айтуынша, экипаждар дөңгелек зақымданған немесе желі шыққан кезде, көлікте техникалық ақау пайда болғанда, сүйреп әкету қажет болған жағдайда және жүргізуші өзінің қозғалысын жалғастыра алмайтын басқа да жағдайларда көмек көрсете алады.

– Жаңа сервистің басты мақсаты – республикалық маңызы бар жолдарда қиын жағдайға тап болған жүргізушілерге жедел көмек көрсетіп, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сонымен қатар, қауіпті жағдайларды мүмкіндігінше тез жою көзделеді, – дейді «ҚазАвтоЖол» мамандары.

Әсіресе, жоғары жылдамдықпен жүретін тасжолдарда, түнгі уақытта немесе қолайсыз ауа райы кезінде жолда амалсыз тоқтап қалған көлік қосымша қауіп төндіреді. Сондықтан, мұндай жағдайда ақауға ұшыраған көліктің орнын дер кезінде белгілеу, жүргізушіге көмек көрсету және қажет болса, көлікті қауіпсіз жерге шығару маңызды.

Айта кетейік, республикалық тасжолда көлік бұзылып немесе басқа да төтенше жағдай туындаса, 1403 қысқа нөміріне қоңырау шалу жеткілікті. Операторға көліктің орналасқан жерін, қозғалыс бағытын және мәселенің сипатын нақты түсіндіру керек.

Өз тілшімізден

• ӨЗЕКТІ

Еркіндік пен үнемнің арасы қанша?

Басқа өңірден келген студент үшін «Қайда тұрамын?» деген сұрақтың жауабы «Қайда оқимын?» деген сұрақтың маңызынан кем емес. Студент үшін жаңа оқу жылы басталғанда баспана мәселесінің де құлағы қылтияды. Жатақханадан орын бұйырса, бір мәселе шешілді. Ал, орын жетпесе, жалдамалы пәтердің есігін қағуға тура келеді. Оның үстіне, оқу жылы қарсаңында баспанаға сұраныс көбейген сайын пәтер жалдау да қымбаттайтын белгілі.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Пәтер жалдау қалтаға салмақ

Қаламыздың жоғары оқу орындарының мәліметіне сүйенсек, бүгінде студенттер жаппай баспанасыз қалып отырған жоқ. Дегенмен, білім алушылар санының өсуі, жатақханаға сұраныстың артуы және жалдамалы пәтер бағасының студент қалтасына салмақ салуы бұл мәселені жыл сайын қайта көтеруге мәжбүр етеді.

Жатақханада орын бар. Бірақ, студенттің көңілінде орын бар ма? Мәселенің түйіні дәл осы жерде. Бір қарағанда, «жатақхана жетеді» деген жауап мәселені жауып тастағандай. Жатақханадағы орын саны мен студенттің сол жерде тұруға мүмкіндігі, қалауы бір нәрсе емес. Бірі сабақтан бөлек жұмыс істейді, бірі кеш қайтады, енді бірі ішкі тәртіпке бейімделе алмайды. Жатақханадан шыққан сәтте студентті күтіп тұрған басқа шындық бар – жалдамалы пәтер. Бағасы қымбат, коммуналдық төлемі тағы бар. Осы екі таңдаудың ортасында қалған жастардың бірі Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенті Сетора Тугалова.

– Жатақханадан көшудің басты себебі – жұмысқа байланысты болды. Жоғары курста білім алып жатқан соң қосымша жұмыс істейміз, кей күндері жұмыстан кеш қайамыз. Жатақханаға белгілі бір уақыттан кейін кіру қиындайды. Жалпы жатақханада студенттерге жағдай жасалған, ыңғайлы болды. Бірақ, кейде белгілі бір уақытта жарықты өшіру талап етілетін. Біз сол уақытта сабақ оқып, қосымша тапсырмалар орындауымыз керек еді. Сондықтан, пәтерге көшуді жөн көрдік. Меніңше, жоғары курс студенттерінің пәтер іздеуінің негізгі себебінің бірі – осы. Біз оқуымызға да, жұмысымызға да үлгеретін болсақ, неге жұмыс істемеске? Егер жатақханада студенттерге белгілі бір деңгейде еркіндік берілсе, пәтерге көшудің қажеті болмас еді. Қаражат жағынан жатақхана әлдеқайда ыңғайлы. Ай сайын шама-



Қолдағы жасағы Арайлан Көкпесова

мен 18 мың теңге төлейтін едік. Ыстық су және қажетті жағдайлардың барлығы қамтылған. Қазір бір пәтерді бірнеше қыз болып жалдап тұрғанымызға қарамастан, әрқайсымыз ай сайын 40 мың теңгедей жалдау ақысына, оған қоса шамамен 10 мың теңге коммуналдық қызметке төлейміз, – дейді Сетора Тугалова.

Яғни, жатақханадан пәтерге көшкеннен кейін баспанаға кететін ай сайынғы шығын шамамен 18 мың теңгеден 50 мың теңгеге дейін өскен. Ал, қыркүйек айы жақындағанда бұл шығынның тағы да өсуі мүмкін деген қауіп бар.

– Қыркүйекте пәтер бағасы қымбаттайды. Себебі, барлығы пәтер іздейтінін біледі. Қай дүниеге сұраныс көп болса, сол заттың құнын екі есеге арттырғысы келіп отырады, – дейді студент.

Сұраныс артса, баға өседі

Қазірдің өзінде Қарағандыдағы жалдамалы пәтер бағасына көз жүгіртсек, студенттің қалтасына түсетін салмақ аз емес. Kriha.kz сайтындағы бір бөлмелі пәтерлер шамамен 150 мың теңгеден басталса, екі бөлмелі пәтерлер 150-250 мың теңге аралығында ұсынылған. Ал, үш бөлмелі пәтерлердің бағасы 170 мың теңгеден басталып, 300 мың теңгеден де асып түседі. Әрине, бұл – нарықтағы барлық пәтердің орташа бағасы емес, сайттағы жеке хабарландырулар. Дегенмен, қыркүйек қарсаңында студенттер саны көбейгенде жалдамалы баспанаға сұра-

ныстың артуы баға мәселесін қайта күн тәртібіне шығаратыны анық.

ҚарҰЗУ-дың Студенттер үйінің директоры Бектас Жұманнның айтуынша, қазіргі таңда орын тапшылығы жоқ.

– Жалпы, университетімізде 7 Студенттер үйі бар. Барлығы 2676 орынмен жабдықталған. Сонымен қатар, 500 адамдық жана жатақхана бой көтеруде. Дәл қазіргі уақытта орын тапшылығы жоқ, – дейді Бектас Жұман.

Жоғары курс студенттерінен мамыр айында өтініш қабылданған. Қазіргі таңда 1249 өтініш келіп түскен және барлығына жолдама берілген. Бірінші курста түсушілерден онлайн өтініш 20 тамыздан бастап қабылданады. Осы тұста мәселенің екінші қыры көрінеді. Жоғары курс студенттерінің өтініштері қанағаттандырылғанымен, төртінші курс студенттерінің бір бөлігі әзірге уақытша резервте тұр. Бірінші курс студенттері орналастырылғаннан кейін қалған орындарға қайтадан өтініш қабылданады.

– Жатақханада тұру үшін өтініш берген барлық студенттердің өтініші қанағаттандырылып, жолдама берілді. Қазіргі уақытта тек IV курс студенттерін уақытша резервке қойдық. I курс студенттерін орналастырып болған соң қалған орындарға қайтадан өтініш қабылдаймыз, – дейді Студенттер үйінің директоры.

Жатақханаға орналастыру кезінде студенттердің әлеуметтік санаты да ескеріледі. Студенттердің әлеуметтік санатын анықтау, жатақханаларға

бөлу және орналастыру жұмыстарымен тұрғын үй комиссиясы айналысады. Комиссия Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №219 бұйрығын басшылыққа алады. Университет мәліметінше, биыл жатақханаға орналастыру жұмысына байланысты шағым түспеген. Студенттер үйінде тұру құны да жалдамалы пәтермен салыстырғанда әлдеқайда қолжетімді. Университеттің 2026-2027 оқу жылына бекіткен преysкуранты бойынша жылдық төлем 249 мыңнан 314 мың теңгеге дейін. Бұл ай сайын шамамен 20-26 мың теңге көлеміндегі шығын.

Бұған қоса, жатақханадағы тұрмыстық жағдай да біртіндеп жақсарып келеді. Бұған дейін студенттер жиі көтерген ыстық су мен жылу мәселесі шешілген. Былтыр барлық Студенттер үйі қалалық жылыту жүйесіне толық қосылған. Ыстық су мәселесіне байланысты 50 жаңа су жылытқыш орнатылған. Жатақханада орын болғанымен, кей студенттің одан өз еркімен бас тартып, пәтерге көшуіне басқа себептер әсер етеді.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде де қазір студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі шешілген. Бүгінде университет қарамағында жалпы сыйымдылығы 1600 орындық үш студенттік жатақхана жұмыс істейді. «Армандастар Ордасы» тұрғын үй кешені – 862 орын. Ауданы 16 600 шаршы метр болатын 9 қабатты заманауи кешен. «Студенттер үйі» – 346 орындық 5 қабат-

ты ғимарат. №3 студенттік жатақхана – 392 орындық 4 қабатты ғимарат.

Университеттің Маркетинг және PR департаментінің директоры Нұрлан Айтбаевтың айтуынша, бұл орын саны студенттердің нақты сұранысын толық қамтамасыз етеді.

Өткен оқу жылында жатақханаға өтініш білдірген студенттердің барлығы орынмен қамтамасыз етілген. Орын ала алмай қалған студент болмаған. Орындарды бөлу кезінде бірінші курс студенттеріне және әлеуметтік осал санаттағы білім алушыларға басымдық беріледі. Университет жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттерді жатақханада тегін тұру мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. 2025-2026 оқу жылында «Армандастар Ордасында» тұру құны айына 18 500 теңге болған. «Студенттер үйі» мен №3 жатақханада ай сайынғы төлем 11 500 теңгені құраған. ҚарТУ-да қазіргі 1600 орындық инфрақұрылым студенттердің баспанаға деген сұранысын толық өтеп отырғандықтан, жаңа жатақхана салу немесе қосымша ғимараттарды бейімдеу бойынша нақты жоспарлар қарастырылмаған.

Түйін

Бүгінгі көрсеткіш бойынша жатақхана тапшылығы жоқ. Әйтсе де, студенттер саны көбейген сайын сұраныстың да өсуі заңды. Осы жерде мәселенің негізгі түйіні шығады, жатақханадағы орын саны жеткілікті болғанымен, студенттердің бәрі бірдей онда қалуды таңдай бермейді. Бірі жұмыс кестесіне байланысты, бірі ішкі тәртіпке байланысты, енді бірі жеке кеңістік үшін пәтерге көшеді. Жатақханадан тыс қалған студенттің алдында жалдамалы баспана нарығы тұр. Қыркүйекке қарай сұраныс артады. Баға қымбаттауы мүмкін. Коммуналдық төлем қосылды. Жол шығыны тағы бар. Жатақхана мәселесін тек «Орын жете ме?» деген сұрақпен өлшеу жеткіліксіз. Студент үшін жатақхана қаншалықты қолжетімді, оның тәртібі оқу мен жұмысқа қаншалықты бейімделген және жатақханаға балама баспананың бағасы қанша? Мәселенің шынайы салмағы осында. Студент жатақханадан орын алса, ай сайынғы шығынын алдын ала біледі. Пәтер жалдаса, оның бағасы қыркүйек айында өзгеруі мүмкін. Білім алуға келген жастың оқуымен қатар баспана қамын ойлап, ай сайынғы жалдау ақысын есептеп отыруы – бүгінгі студенттік өмірдің көзге көрінбейтін, алайда, қалтаға бататын мәселесі. Жатақхана саны жеткілікті болуы мүмкін. Бірақ студентке қолжетімді баспана мен қолайлы жағдайдың екеуі қатар қажет.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қарағандыны жастар өзгертеді

(Соңы. Басы 1-бетте).

Жастардың шешім қабылдау үдерісіне араласуы тек идея ұсынумен шектелмейді. Қарағандыда олардың сараптамалық әлеуетін пайдалану бағытында да жоба іске қосылды. Қарағанды өңірінің жас сарапшыларынан құралған «Талдау мектебі» бір жылдық жұмысының қорытындысын шығарды. Өңірлік жоба алғаш рет Қарағандыда жүзеге асып, жас талдаушылар облыстың өзекті мәселелерін зерттеп, оларды шешу жолдарын ұсынды. Арада бір жыл өткен соң сол еңбектің алғашқы нәтижесі ретінде арнайы жинақ жарық көрді.

Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей әлеуметтік желідегі парақшасында «Талдау мектебінің» негізгі мақсаты өңірдегі мәселелерге жанаша көзқарас қалыптастыру болғанын атап өтті.

– Былтыр Қарағандыда «Талдау мектебін» ашқанда осыны мақсат еттік. Өңірдегі мәселелерге жаңаша көзқарас қажет болды. Оның үстіне, аймақ тынысын, елді толғандырған түйткілдерді жергілікті тұрғындардан артық ешкім білмейді. Сондықтан, қарағандылық талдаушыларға өзекті мәселелерді зерттеп, шешу жолдарын ұсынуға мүмкіндік бердік. «Талдау мектебінің» өңірлік жобасы алғаш рет Қарағандыда жүзеге асты. Арада бір жыл өтті. Бүгінде сол бастаманың алғашқы жемісін көріп отырмыз,

– деп жазды Әлібек Үсенұлы.

Жас сарапшылар бір жыл ішінде өңірдегі өзекті мәселелерді зерттеп қана қоймай, оларды шешуге бағытталған нақты ұсыныстар әзірледі. Өз ойларын облыс әкіміне жеткізіп, жұмыс топтары мен консультативтік органдардың талқылауына ұсынды.

– Ең маңыздысы – «Талдаудың» айналасында дәйекті ақпаратқа сүйеніп, мәселенің түп-төркініне үңілетін, өз ойын нақты дерекке негіздеп отырып дәлелді алатын белсенді жастардың ортасы қалыптаса бастады. Және бүгін сол ізденістің нәтижесі жеке жинақ болып жарық көрді. Мұнда бір жылдық еңбектің қорытындысы ғана емес, өңірдің өзекті мәселелері мен оларды шешуге бағытталған ізденістер хатқа түсті. Бірнеше жылдан кейін осы кітапты қайта ашып, қай ұсыныстың өміршең болғанын бағалай аламыз, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Бұл жоба жастардың тек пікір білдіруші емес, нақты мәселені зерттеп, оған шешім ұсына алатын сарапшы ретінде қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Сарапшы жастардың бір жылдық ізденісінде өндіріс үшін маңызды мәселелер де қамтылды. Оларды шешуге бағытталған бірқатар ұсыныс қалыптасып үлгерді. Жинақталған материалдар мен ұсыныстар алдағы уақытта қайта қаралып, жас сарапшылар ұсыныстарының тиімділігі

өндірісте бағаланбақ. Идея бар жерде оны жүзеге асыратын орта да болуы керек. Осы тұрғыдан алғанда, бұрынғы Ленин кинотеатрының жастарға берілуі – маңызды қадамның бірі. Бұрынғы мәдени нысан ретінде пайдаланылған ғимарат енді жастардың жобалары мен бастамалары жүзеге асатын кеңістікке айналуы тиіс. Жоспар бойынша ғимарат жай ғана жастардың бас қосатын орны емес, бірнеше бағытты біріктіретін көпфункционалды кеңістікке айналуы мүмкін. Оның бір кино залы сақталып, көпшілік іс-шараларға бейімделмек. Мұнда кино көрсетілімдерімен қатар, түрлі кездесулер, презентациялар мен жобаларды таныстыру шараларын өткізуге мүмкіндік қарастырылады. Екінші залды коворкингке айналдырып, жастарға жұмыс істеуге қолайлы орта қалыптастыру ұсынылған.

Ғимаратта жасанды интеллект бағытында жұмыс істейтін арнайы аймақ, подкаст жазуға және фото түсіруге арналған кеңістіктер құру көзделіп отыр. Әсіресе, шығармашылықпен айналысатын, медиа, цифрлық технология және жаңа жобаларға қызығатын жастар үшін маңызды мүмкіндік болмақ.

Ғимаратты жаңарту кезінде оның тарихи келбетін сақтау мәселесіне де мән беріліп отыр. Бұрынғы кинотеатрдың сәулеттік ерекшелігін сақтай отырып, ішкі кеңістігін қазіргі жастардың



қажеттілігіне бейімдеу көзделеді. Бұған қоса, ғимараттың маңындағы аумақты да жаңғырту ұсынылған. Ашық аспан астындағы іс-шаралар өткізуге арналған амфитеатр мен жастарға қолайлы қоғамдық кеңістік қалыптастыру идеясы бар.

Қарағандыда жастардың идеясы мен сараптамасын қатар дамытуға мүмкіндік беретін бірнеше бағыт қалыптасып келеді. Saғarqa Jastary арқылы идея ұсыну, «Талдау мектебі» арқылы өңір мәселесін зерттеу, жастарға арнайы

кеңістік беру – бір-бірінен бөлек бастамалар болғанымен, түпкі мақсаты ортақ. 2028 жылға дейінгі уақыт осы жүйені қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы жерде Жастар астанасы мәртебесінің басты мәні көрінеді. Бұл атақ Қарағандыға бір жыл бойы жастарға арналған іс-шараларды көбейту үшін ғана берілмеді. Жастардың қаланың дамуына ықпалын күшейтуге берілген мүмкіндік.

2028 жылдың соңында Қарағанды туралы «ТМД-ның Жастар астанасы болды» деген

ақпаратпен ғана шектелу жеткіліксіз. Ең маңызды нәтиже – сол уақытқа дейін жастардың қанша идеясы іске асты, қанша зерттеуі нақты шешімге әсер етті және қалада жастар үшін қандай тұрақты мүмкіндіктер қалыптасты деген сұрақтардың жауабы болмақ. Қарағандының Жастар астанасы ретіндегі тарихын әкімдік емес, жастардың өздері жазса, бұл мәртебенің мәні де тереңдей түспек.

Суреттер Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің баспасөз қызметінен

Көмескі тарихтың көмбесі

Кейде көмескі тарихтың кілті алыс архивтің шаң басқан сөресінен емес, күн сайын табалдырығын аттап жүрген жұмыс орынынан да табылып жатады. Былтыр Ақтоғай ауданындағы Асылбек кесенесінің қайта жаңғыртылғанын естіп, тұлғаны танып-білуге талпынып көрдік. Әуелгі дерек тым сараң еді. Кесене бар. Асылбек деген есім бар. Бірақ, ол кім болған? Қай кезеңде өмір сүрген? Ел ісінде қандай орны болған?

Осы сауалдың ұшы қарашаңырақ, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакция қорында сақталған бір кітаптан шықты. Белгілі өлкетанушы Юрий Попов пен А.А.Алтынның «1870-1919 жылдар аралығындағы Қарқаралы, Ақмола уездерінің болыс басқарушылары мен билері» атты еңбегін парақтай отырып, Балқаш болысына қатысты тараудан біз іздеген есімді көзіміз шалды. Сөйтіп, бір ғасырдан астам уақыт бұрынғы ресми тізімнің бір жолы бүгінгі тарихи ізденіске жаңа бағыт сілтеді.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балқаш болысындағы беделді би

Кітаптағы дерекке сүйенсек, Балқаш болысы 1878 жылы әкімшілік бірлік ретінде құрылған. Оның құрамына Ақсақ, Қалдау, Бораншы, Құланшы және Жуантаяқ руларының жерлері кірген. Болашақтың қоғамдық өмірінде елге белгілі адамдардың есімі жиі ұшырасады. Орманбет Байжомартов бірнеше мерзім болыс басқарса, кейін бұл қызмет тізгінін Нарманбет Орманбетов те ұстаған.

Ал, ауылдардағы халық төрешілері, яғни, билер тізіміне үңілгенде №4 ауылға қатысты Бұланбай Байтұрғиннің есімі қайта-қайта көзге түседі. 1887-1895 жылдар аралығындағы сайлау деректерінде ол бірнеше мәрте аталады. XIX ғасырдың соңына таман осы ауылға қатысты тізімнен енді Асылбек Бұланбаев деген жаңа есім шығады.

Попов пен Алтынов еңбегінде 1899-1901 және 1901-1904 жылдардағы сайлау кезеңдері қатар беріліп, Балқаш болысын сол тұста Алдабек Дунин басқарғаны көрсетілген. №4 ауылдың халық билері қатарында Асылбек Бұланбаев пен Қазыбек Байтұрғиннің есімдері жазылған. Демек, Асылбектің Балқаш болысындағы №4 ауылда сайланбалы халық биі болғаны архивтік деректен аңғарылады.

Патшалық әкімшілік тұсындағы «халық судьясы» атауын бүгінгі сот жүйе-

сімен тікелей салыстыруға болмайды. Дәстүрлі би институтының негізінде қызмет атқарған халық билері ел ішіндегі дау-дамайға, жер, жесір, мал-мүлік мәселелеріне әдет-ғұрып құқығына сүйеніп төрелік айтқан.

Архивтік тізімнен табылған осы бір есімнің соңын ала біз ел арасындағы дерекке де құлақ түрейік деп шештік. Осы сауалдармен белгілі өлкетанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тұңғышбай Мұқанға хабарластық.

– Асылбек би төңірегінде халық арасында әлі де аз айтылады. Бұл кісі Балқаш болысында халық биі болып сайланған. Қазіргі Ақтоғай ауданы аумағында кезінде Тоқырауын, Қотанбұлақ, Балқаш болыстары болған. Өзім де Асылбек туралы бұдан өзге мол дерек кезіктіре алмадым. Тоқырауын өзені бойында жерленген. Ұрпақтары қазір Балқаш қаласында тұрады. Солардың арасында Мөлдір есімді ақын ұрпағы бар, – деді Тұңғышбай Мұқан.

Бұланбайдан – Асылбек

Тұңғышбай ағамыздың осы бір жөн сілтеуі ізімізді әрі қарай жалғады. Сөйтіп, Балқаш қаласында тұратын ақын Мөлдір Бөлекованы тауып, хабарластық. Ол – Асылбек бидің тікелей ұрпағы екен. Ең қызығы, редакция қорындағы кітаптан байқалған Бұланбай мен Асылбек арасындағы сабақтастық Мөлдір апайдың аузынан жеткен әулет шежіресімен де қабысты. Әңгіме басталған сәттен-ақ, ол әулет

жадында көздің қарашығындай сақталған құнды естеліктерімен бөлісті.

– Өз уақытында Асылбек бидің әкесі Бұланбай Байтұрғин де беделді, қара қылды қақ жарған әділ би болған. «Тура биде туған жоқ» дегендей, небір қиын дауға төрелік айтты. Бұланбай қайтыс болған соң «Ат тұяғын тай басар» дегендей, Асылбек те ел ісіне араласып, халық оны би сайлаған. Біздің шежіре бойынша Бұланбайдан – Асылбек, Асылбектен Айтбек пен Тәтибек тарайды. Айтбектен – Иманғалы, одан мен тараймын, – дейді Мөлдір Иманғалықызы.

Асылбек бидің өмірбаянын түгел түгендейтін жазба дерек әзірге табыла қойған жоқ. Бірақ, ұрпақ жадында тұлғаның болмысы мен мінез-құлқын аңғартатын өте қызықты естеліктер сақталған.

– Кезінде көнекөз қарттардан, әкелерімізден бәрін тәптіштеп сұрап алмағанымызға қазір бармақ тістеймін. Бір естігенім – Асылбек бабамыз дау үстінде шешіліп сөйлегенде, басындағы тақиясы маңдайына қарай тыжырылып түсіп, сөзінің екпінімен қайта төбесіне қонады екен. Үлкендер осы бір көріністі ерекше сүйсініп айтты отыратын, – дейді Мөлдір Иманғалықызы.

Дулыға пішінді күмбез

Тұлға туралы дерек көмескі болғанымен, оның атымен байланысты кесене мамандар назарынан тыс қалмаған.

Тарихи-мәдени мұраны сақтау орта-



МӘДЕНИ МҰРА

лығы ұсынған мәлімет бойынша Асылбек кесенесі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына мерзімделеді. Нысан Ақтоғай ауданында, Нарманбет ауылдық округінен жеті шақырым солтүстік-батысқа қарай орналасқан. Оның құрылысшысы мен нақты салыну тарихы дұдалады.

Кесене бір камералы. Жоспары дөңгелек, диаметрі – 3,65 метр, қабырғаларының қалыңдығы – 85 сантиметр, жалпы биіктігі – 4 метр. Дулыға тәрізді төбесінің ұшында шағын күмбезше сипаттадағы әрлеу элементі бар. Кіреберісі оңтүстік-шығысқа бағытталған. Құрылыс саз ерітіндісіне қаланған шикі кірпіштен тұрғызылған. Ішкі қабырғалар жоғарылаған сайын ішке қарай шығарылып өрілген. Кесенеде араб жазулы эпиграфика да сақталған. Нысанның өлшемдерін 1987 жылы «Қазпроектреставрация» институтының сәулетшілері А.О.Итеновтің жетекшілігімен түсірген.

Былтыр кесенеде реставрациялық жұмыстар жүргізілді. Бұған дейін іргелік бөлігіндегі кірпіштері түсіп, жарық түсетін ойық пен кіреберіс аралығындағы қабырға қабаты опырылған еді. Қалпына келтіру барысында уақыт мүжіген тарихи нысанның сәулеттік қалпын сақтауға басымдық берілді.

Ал, Мөлдір Иманғалықызының айтуынша, әулет ішінде кесененің тұрғызылуына қатысты да әңгіме сақталған.

– Үлкендерден естуімше, бабамыздың бейіті XX ғасырдың басында, 1917 жылдардың шамасында салынған. Мұсахан деген ағамыз сол кезде бала болғанын айтып отырады екен. Бейіт тұрғызғанда балшыққа ешкінің майын қосып илесе, кірпіші берік болады деп, сондай тәсіл қолданған деген сөз бар. Асылбек бабамыз дүниеден өтер алдында заманның аумалы-төкпелі екенін сезіп, туысы Тұғанбайға «бейітімді сенің атынмен атайық, әйтпесе мына сұм заман жоқ қылып жіберер» деген де әңгіме жетті. Бірақ, халық оны бәрібір «Асылбек бидің бейіті» деп атап кеткен. Бабамыздың кесенесіндегі кейінгі құлпытасты Асылбектің екінші ұлы Тәтибектің баласы Әбубек орнатқан, – дейді ол.

Түйін

Былтыр жаңғырған кесене туралы шағын деректі қаузып бастаған ізіміз осылайша бірте-бірте тереңдей түсті. Әйтсе де, бұл – түгесілген тарих емес. Асылбек бидің нақты өмір сүрген жылдары, №4 ауылдың тарихи қонысы мен араб жазулы құлпытастағы сырлар әлі де терең зерттеуді күтіп тұр. Бәлкім, бүгінгі табылғаны – үлкен шежіренің бір-ақ парағы шығар. Бірақ, ұлт тарихы кейде дәл осындай бір есімнен, бір архивтік жолдан және ұрпақ жадында қалған бір ауыз жылы естеліктен қайта тірілетінін естен шығармау керек.

Суреттер облыстың тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығынан

Тарихи орындар турист тартады

Бұқар жырау ауданының тау-тас, орман-тоғайлы, сулы-нулы табиғаты әсемдігімен ғана емес, қойнауына бүккен терең тарихы, киелі жерлерімен де туристерді өзіне тартып тұрады.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл аймақ бізден мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген адамдардың ежелгі мекені болған. Оған археологиялық зерттеулердің нәтижесінде анықталып, облысымыздағы тарихи және мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілген жәдігерлер мен нысандар куә. Мәселен, Ботақара, Тасауыл, Қойтас, Хорошевское, Довгуева қорғандары мен Ростовка 1,2, Темірқаш, Тегісжол қоныстары, Дермен тұрағы, Алтынтобе кеніші сынды, қырық шақты қорым бізді сонау есте жоқ көне замандарға жетелейді. Ал, одан бергі ғасырлардағы Қаз дауысты Қазыбек бидің денесі қыс бойы қойылған сөре тастар, Көмексей әулие Бұқар жыраудың кесенесі, Тіленші, Алшынбай билердің, Аймағамбет қажының мазарлары, Жыржаң қажы медресесінің орны, Ботақара кентіндегі православие шіркеуі де көп жұрттың барып, тәу ететін қасиетті орындарына жатады. Қызыл сұңқар ақын Сәкен Сейфул-

линнің ізі қалған бұлақ пен тоғай да осы өңірде.

Бұдан бөлек Бұқар жырау ауданы аумағында заманауи 2 қонақ үй, 2 кемпинг, 3 санаторий, 4 мәдени-демалыс кешені мен 2 балалар лагері орналасқан. Осылардың бәрі, яғни көне мен жаңа жиылып келгенде, осы ауданға сырттан келетін қонақтар, соның ішінде, туристер үшін тамаша әсер мен жайлы демалыс сыйлары тұтық.

Аталған аймақтың туристік әлеуетін одан әрі дамыту бағытында қазірде бірқатар маңызды инфрақұрылымдық жобалар қолға алынып, жүзеге асырылуда.

Осы орайда Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын:

– Өткен жылдан бері Семізбұғы-Керней автомобиль жолына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ол сол манда орналасқан туристік нысандарға көлікпен жетуді айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді. Сол сияқты облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, «Бұқар жырау-Победа» автомобиль жолының 11 шақырымына (844,3 миллион теңге)



орташа жөндеу жобасына ведомстволық сараптаманың оң қорытындысы алына, Бұқар жырау кесенесі – Победа автомобиль жолының 20 шақырымының орташа жөндеу жобасына ведомстволық

сараптаманың қорытындысын алу рәсімі жалғасуда, – дейді.

Бұқар жырау ауданында ішкі туризмді дамытып, өрістетуде жергілікті әкімдік осындай іс-қимыл жасап жатса, ЮНЕСКО-ның

аудандық «Руханият» қосымша білім беру орталығының мұғалімі, аудандық мәслихаттың депутаты Амантай Ақышевтің қолға алған «Он бір бағыттағы – он бір қадам» жобасының негізгі бағыттарының



ІШКІ ТУРИЗМ

бірі де осы ішкі туризмді дамыту екені анық. Сол бойынша ол ауданға келген қаншама қонақтар, блогерлер, жергілікті жастар, балалар үшін Ботақара қорғаны, Бұқар жырау кесенесі, тарихи бұлақтар мен медресе, мазарлар басына арнайы туристік сапарлар ұйымдастырып, оларды сол жерлердің табиғаты және тарихымен таныстырды. Амантай мұнымен де шектелмей, сол орындарға тастан қашап, белгі орнатып та қойған. Мысалы, Семізбұғы көлінің жағасындағы дөңде Сәкенге орнатқан белгітасы соналайдан көз тартады.

Енді Бұқар жырау ауданындағы біз айттып отырған тамаша табиғат пен тарихи орындарға алыс-жақын шетелдерден де туристердің ағылар күні алыс емес.

Бұқар жырау ауданы

Суреттер ұйымдастырушылардан

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жазатайым оқиғадан сақтайды

Балқаш көлінде түнгі уақытта суға түсетін демалушылардың қауіпсіздігі дрон арқылы бақыланады. Пилотсыз аппараттар қауіпті аймақтарды бақылап, судағы адамдарды анықтап, олардың орналасқан жерін құтқарушыларға жедел жеткізуге мүмкіндік береді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлеуметтік желіде Балқаш жағалауында түсірілген бейнежазба таралып, көпшіліктің назарын аударды. Қадірларда кешкі уақытта көл үстін бақылаған дронның демалушыларға судан шығу туралы ескерту жасағанын көруге болады. Бейнежазбаға қатысты пікір де екіге бөлінді. Бірі мұндай бақылауды демалушылардың еркіндігіне шектеу деп қабылдаса, енді бірі түнгі шомылудың қауіпті екенін айтып, құтқарушылардың әрекетін қолдады.

Осыған байланысты Қарағанды облысының төтенше жағдайлар департаменті түсініктеме берді. Ведомство мәліметінше, тәуліктің қараңғы уақытында көл акваториясында демалушылардың шомылуына жол бермеуге бағытталған профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Негізгі мақсат – адамдардың демалысын шектеу емес, судағы жазатайым оқиғалардың алдын алу.

Түнгі уақытта судағы адамды жағалаудағы патрульдің байқауы қиындай түседі. Егер демалушы жағадан алысқа кетсе немесе суға бата бастаса, оны қараңғыда дер кезінде анықтау оңай емес. Сондықтан, құтқарушылар акваторияны бақылауда заманауи технологияларды пайдаланады. Дрондар екі режимде жұмыс істейді. Автоматты патрульдеу кезінде аппарат алдын ала белгіленген GPS бағыты бойынша қозғалып, операторға бейне ағынын жібереді. Борттық жүйе су бетіндегі жарық пен толқындарды саралап, адамды немесе жүзу құралын анықтай алады. Нысан байқалған жағдайда сирена мен жарықтың жыпылықтауы арқылы дабыл беріледі. Қажет болған кезде дрон қолмен басқару режиміне ауыстырылады. Бұл операторға көлдің белгілі бір бөлігін егжей-тегжейлі бақылауға мүмкіндік береді. Ең маңыздысы – анықталған нысанның нақты географиялық координаттары кезекші патрульге беріледі. Осы арқылы құтқару тобы оқиға орнына бағытталып, іздеуге кететін уақытты қысқартады.

ТЖД мәліметінше, пилотсыз авиация ведомство жұмысында төрт жылдан астам уақыт бойы қолданылып келеді. Дрондар шомылу маусымында ғана емес, өрт қаупі жоғары кезеңде, қыс және көктем айларында, сондай-ақ, іздеу-құтқару жұмыстарында пайдаланылады. Құтқарушылар демалушыларға қараңғы уақытта суға түспеуге кеңес береді. Түнде қауіптің алдын алу да, төтенше жағдай орын алған жағдайда адамды табу да қиындайды.

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Ас-тойдан ағартушылық абзал

Жақында «Хабар» телеарнасының бағдарламаларының бірінде белгілі абайтанушы және шәкәрімтанушы Омар Жәлеп сөз сөйледі. Сөйлегенде бүйдеді: «Ұлтта ұлы арман болмаған кезде, той тойлап кетеді. Мысалы соғыс кезінде халқымызда ортақ арман болды. Қандай? Ешкім той тойлаған жоқ. Халық жұдырықтай жұмылып, жеңіс үшін еңбек етті. Арманы жоқ адам той тойлап, уақытын ысырап қыла бастайды», – деді. Бұл сөз мені терең ойға қалдырды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде «Пәленше ауылдың пәленше жылдығы» деген тойлар өте көп. Әлеуметтік желіні ашып қалсаңыз, мұндай той еліміздің оңтүстік өңірінде көпкөсір. Жаппай көкпар, аламан бәйге ұйымдастырып, жүлдесіне қымбат маркалы жол талғамайтын көліктерді тігіп жатады. Көкпарда салым салған балуанға долларлап ақша береді. Осыған қарап отырып, қазақтың жағдайы «әлхәмділлә» екенін көресіз. Әрине, құдай осы күнімізден айырмасын.

Мұндай аста-төк тойлар Арқа өңірінде де көп. Ақтоғай, Шет, Қарқаралы секілді малды, байы көп аудандарда жиі өтеді. Ауыл тойының сценарийін мойнына алған бір азамат менен кеңес те сұрап келді. Қай ауыл екенін жария қылғаным жөн болмас. Бірақ, ауылда қалған фермерінен жиналғаны бар, түлеп ұшып, сыртта байыған миллионерлерінен жиналғаны бар, тұрмысы орташаларынан жиналғаны бар, бас-аяғы 50 миллион теңгенің басы құралыпты. Енді сол көл-көсір ақшаға не істерің білмей дал болған ел екен. «Қанша және қандай автокөлік аламыз? Көкпар мен бәйгеге не тігіміз?» деген сияқты сауалдар.

Қайтпек керек? Меніңше, қазақ оянып, Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітап оқитын, зияткер ұлт қалыптастыруға қатысты шығарған Жарлығына мойын



бұрған абзал секілді. Және тез арада. Таяу Шығыстағы жағдайға қараңыз. Тым тереңдемей, қарапайым сөзбен жеткізсек, Иран мен Израиль арасындағы соғыс үшінші дүниежүзілік соғысқа әкелуі әбден ықтимал. Израиль жактасы, әлемдегі ең ірі әскери держава, жер шарының кез келген нүктесінде өз ойынын жүргізе алатын АҚШ-тың да пұғылы алаңдатады. Соңғы үлгідегі ракеталар мен әскери технологиялардың айқасы. Жасанды интеллекті де өзін ойлап тапқан адамның ыркына бағынбай барады.

Таяу Шығысты қойыңызшы. Солтүстігіміздегі орман жұртының салып жатқан лаңына қараңыз. Жә, бұл тақырыпқа бойлап, күшенбелік. Ұзаққа кетеміз. Төтесінен түсіп айтқанда, қазақ қамдануы керек.

Президент өз Жарлығы арқылы заманның түрлі зобалдарына қалай әзір болудың нақты жолын көрсетіп отыр. Жарлықта «Адами капиталды дамыту, қоғамның зияткерлік және мәдени әлеуетін нығайту, білім беру, тәрбиелеу және оқу-ағарту ісінің негізгі элементі ретінде кітап оқу мәдениетін насихаттау, зерделі ұлт қалыптастыру, сондай-ақ, шығармашыл, жасампаз

және бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау мақсатында» делінген. Бұл жай ғана жарлық емес. Бұл – ұлттық ағзаны қуаттауға арналған қадам. Ал, қуатты ағза ғана өзіне төнген қауіптен күресуге қабілетті. Сана-сы оянған ұрпақ қана өз ұлтының келешегі үшін күресе алады. Пайымдай айтқанда, кітап оқитын, зияткер ұлт қалыптастыру – бүгінде қазақ үшін қуатты ракеталар мен әскери техника, жарылғыш дрондар жасаудан да маңызды болып тұр. Осыны жете түсінген күні, Алаш баласы жаппай кітапқа бет бұрарына күмәніміз жоқ.

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының мәдениет және өнер бөлімінің басшысы Дариға Жұмақаева өңірдегі кітапханалардың ахуалынан ресми дерек берді.

– Қарағанды облысында мемлекеттік кітапхана желісінің саны 255 кітапхананы құрайды. Соның ішінде 193 ауылдық кітапхана 7 аудандық кітапханалық жүйесіне, 58 қалалық кітапхана – 6 қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне және 4 облыстық кітапханаға біріктірілген. Кітапхана саласындағы негізгі өзекті мәселенің бірі – кітапхана қор-

ларын бюджет қаражаты есебінен толықтыру. 2026 жылы Осакаров, ауданының кітапханаларына кітап сатып алуға қаржы қараны қуаттауға арналған қадам. Жалпы, кітапханалық жүйелерге бюджет қаражаты бөлінгенімен, кітап басылымдарының, әсіресе отандық әдебиеттердің жыл сайын қымбаттауына байланысты бөлінетін қаржы көлемі тұрғындардың ақпараттық және әдеби сұраныстарын толық қанағаттандыруға жеткіліксіз, – деді Дариға Жұмақаева.

Бөлім басшысы Бұқар жырау ауданының Красная Нива, Сарыарқа, Самарқанд, Қызылжар ауылдық кітапханаларына ғимарат қажет екенін айтты. Сонымен қатар, Шет ауданының орталық кітапханалары өте тар ғимараттарда орналасқанын мәлім етті. Ақтоғай аудандық кітапханасы 5 қабатты ғимараттың 3-ші қабатында орналасқан. Бұл кітапханың егде жастағы оқырмандары мен мүгедектігі бар адамдарға қолайсыз екенін айтады маман. Кітапхана қызметкерлерінің басым бөлігі әйел адамдар екенін ескерсек, жана әдебиеттерді жоғарғы қабаттарға тасымалдау барысында да елеулі қиындықтар туындайтынын да атап өтті.

Өңірде апатты жағдайда

тұрған кітапхана ғимараттары бар. Мәселен, Қарқаралы ауданының Егіндібұлақ ауылдық кітапханасы және Шет ауданындағы Киікті ауылдық кітапханасының ғимараты тозып тұр.

Бұқар жырау ауданының Қушоқы, Қызылқайың ауылдық кітапханалары, Осакаров ауданының орталық аудандық кітапханасы және Сұңқар ауылдық кітапханасы күрделі жөндеуді қажет етеді.

Кітапханалардың материалдық-техникалық базасының уақытылы жаңартылмауы – бүгінгі таңда саладағы өзекті мәселенің бірі. Облыс көлемінде кейінгі 5-10 жыл аралығында небәрі 6 кітапханада ғана жиһаз жаңартылған.

Сонымен қатар, 10 жылдан астам уақыт бойы облыстың 83 кітапханасында жиһаз жаңартылмаған. Бұқар жырау ауданында – 36, Қарқаралы ауданында – 10, Ақтоғай ауданында – 14, Балқаш қаласында – 8, Нұра ауданында – 13, Осакаров ауданында – 2 кітапхана ескі жиһазбен тұр.

Интернеті жоқ кітапханалар бар. Аймақтағы 22 кітапханада интернет желісі жоқ. Атап айтсақ, Қарқаралы ауданында – 15, Нұра ауданында – 4, Осакаров ауданында – 2, Бұқар жырау ауданында – 1 кітапхана.

– Қарқаралы ауданының 15 ауылдық кітапханасын интернет желісіне қосу жұмыстары Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 15 наурызда өткен Ұлттық Құрылтай отырысында берген тапсырмасын орындау аясында әзірленген «Қарағанды облысының кітапханаларын жаңғырту жөніндегі Жол картасының» 2026 жылдың II тоқсанына арналған іс-шаралар шеңберінде жүзеге асырылуда. Аталған мақсатқа 26,9 млн теңге бөлініп, қазіргі уақытта тиісті жұмыс жүргізілуде, – деді Дариға Жұмақаева.

Бөлім басшысының ресми дерегіне сүйенсек, Бұқар жырау, Осакаров және Нұра аудандарындағы кітапханаларды қазіргі уақытта интернет желісіне қосудың техникалық мүмкіндігі жоқ.

Кейінгі екі жылда «Кітап – қазына» жобасын қолға алып, ауылдарға кітап таратып жүрген

Дастан Жақсығали қалталы азаматтар ауыл кітапханаларының қорын толықтыруда қол ұшын созса дейді.

– Өткен оқу жылы ауылдарды аралап, мектептеріне кітап сыйлаған болатынбыз. Мектеп кітапханаларында кітап қоры бар. Бірақ, жұпыны. Содан кейін, мектеп кітапханасы мен ауыл кітапханасы бөлек екенін ескеріңіздер. Мектептегі кітаптар оқушыларға ғана қолжетімді. Оның үстіне, жазғы демалыста мектеп жабылады. Ал, кітап оқығысы келетін басқа тұрғындар не істейді, қайда барады? Жаңадан шығып жатқан кітаптар ауылдарға мүлдем жетіп жатқан жоқ. Адам әрине жана кітап оқығысы келеді, – деді Дастан Жақсығали.

Алаштың айбоз ақыны, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлы қазақтың байлары ауыл балаларына арнап жаппай кітапхана салу керек деген пікірде.

– Кітап оқыған адам – ертеңін ойлаған адам» деген нақыл бар. «Кітапсыз үй – терезесіз бөлме сияқты» деген Карлос Руис Сафонның сөзі бар. Өбіш Кекілбаев «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деген. Қазақтың байлары жемісін бермейтін ысырап тойларға ақша шашпай, ауыл балаларына арнап, жаппай кітапхана салуы керек. Бұл – ұлттың жарқын болашағына қосқан өлшеусіз үлестері болар еді. Қазір жаһандағы саяси жағдай мың құбылып тұр. Осындай сәтте ұрпақты ояту керек. Әрқайсы «Оян, қазақ!» деген Міржақып Дулатов болмаса да, игі іс-әрекеттері арқылы соның журнағына тати білуі шарт, – деді Серік Ақсұңқарұлы.

Солтүстіктегі жұрттың отаршылдығында болған заманда қазақ байлары ауылдарға мектеп салып, мал-мүлкін аямай мұғалімдерді алдыртып, бала оқытқан еді. Соның нәтижесінде Алаш жұртын азаттықтың ақ таңына бастаған тұтас буын қалыптасқанын еске алыңыз.

Бір тұтас ел болып кітапхана мәселесін шешпесек, көп жырттығымыз жамалмайтыны анық.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Шәмшінің әндері шарықтады

15 тамыз – қазақтың ұлы композиторы, халық жүрегінен ерекше орын алған біртуар сазгер Шәмші Қалдаяқовтың туған күні. Осы айтулы датаға орай Жаңа Майқұдық мәдениет сарайының үлкен залында «Шәмші әндері – жүрек төріңде!» атты мерекелік концерт өтті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Концерттің басты мақсаты – қазақ музыкасының алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығын дәріптеу, композитордың әндерін кейінгі ұрпаққа насихаттау және көрерменге сырлы да сазды әндер арқылы көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.

Кеш барысында Шәмші Қалдаяқовтың ел сүйіп тыңдайтын, жүрекке жақын әндері шырылап, көрерменге ерекше әсер сыйлады. Концерттік бағдарламаға «Теміржолшылар» мәдениет сарайының, «Жаңа Майқұдық» мәдениет үйінің және «Молодежный» мәдениет үйінің өнерпаздары қатысты.

Әсем әндер мен жүрекжарды әуендер арқылы көрермен ұлы композитордың қайталанбас шығармашылық мұрасы-

на тағы бір мәрте куә болды. Шәмші әндері шырылған бұл кеш – ұлттық өнерге деген құрмет пен композитор шығармашылығына деген тағзымның жарқын көрінісіндей.

Шәмші әндері – халықпен бірге жасайтын, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын мәңгілік әндер.

Әндері ғажайып саздылығымен, бұлақ суындай тап-таза сынғырымен лирикалық наздылығымен ерекшеленген Шәмші Қалдаяқов тірі болса 95 жасқа келер еді. Эстрадалық әндердің әуенін ұлттық нақышпен құнарландырған құбылыстың артында «Сыған серенадасы», «Өмір өзен», «Арыс жағасында», «Кешікпей келем деп ең» деген сынды 300-ден астам әні қалды.

Алаяқ қоңырауынан қорғайды

Қарағанды облысында интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерінің саны азаймай отыр. Осыған байланысты өңірде азаматтардың қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қылмыстың алдын алу бағытындағы жұмыстар күшейтілді. Бұл туралы облыс прокуратурасының баспасөз қызметі мәлімдеді.

Салтанат ГЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Статистикаға сәйкес, облыста тіркелген қылмыстың 40 пайызға жуығы – алаяқтық. Жыл басынан өңірде алаяқтықтың 1 306 фактісі тіркелсе, оның 916-сы интернет технологияларын пайдалану арқылы жасалған.

Қылмыстың бұл түрінің алдын алу мақсатында Қарағанды облысының прокуратурасы алаяқтардың телефон қоңырауларын анықтап, оларды арнайы дайындалған операторларға бағыттайтын антифрод Call-орталығын іске қосты.

Жаңа жүйенің тиімділігі алғашқы нәтижелерден-ақ байқалды. Қазір 17 мыңнан астам алаяқтық қоңырау анықталып, бұғатталған.

Сондай-ақ, облыс прокурату-

расы «Қазақтелеком» АҚ және байланыс операторларымен жасалған ынтымақтастық туралы меморандум аясында алаяқтық әрекеттерді анықтау және олардың жолын кесу бойынша бірлескен жұмыстар жүргізіп келеді.

Мәселен, 83 жастағы зейнеткердің депозиттік шотындағы қаражатты иемденуге әрекет жасаған алаяқтардың қоңыраулары байланыс операторы арқылы анықталған. Хабарлама түскеннен кейін полиция қызметкерлері азаматшаның тұрғылықты мекенжайына жедел барып, қылмыстың алдын алған.

Тағы бір жағдайда 80 жастағы азаматша депозиттік шотынан 1,3 миллион теңгені шешіп алып, оны алаяқтарға аудармақ болған. Құқық қорғау органдарының жедел әрекетінің нәтижесінде қылмыстың жолы кесілді.



Қарағанды облысының прокуратурасының мәліметінше, жыл басынан бері телефон алаяқтығынан 40 азамат қорғалды.

Мамандар алаяқтар көбіне интернет-дүкендер, сауда платформалары мен әлеуметтік желілер арқылы әрекет ететінін айтады. Одан бөлек, олар банк қызметкерлері, құқық қорғау органдарының өкілдері немесе жақын туыстарының атынан ха-

барласып, азаматтарды жаңылыстыруға тырысады.

Осыған байланысты облыс прокуратурасы тұрғындарды сақ болуға шақырады. Азаматтарға жеке деректерді бөгде адамдарға бермеу, күмәнді сілтемелерге өтпеу, бейтаныс адамдар ұсынған қосымшаларды жүктемеу және SMS арқылы келген растау кодтарын ешкімге хабарламау ұсынылады.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«Т-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика+математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика+математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Цифрлық мемлекеттік басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география+математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география+шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнес-сті заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы+адам, қоғам, құқық). Мемллицензия: KZ55LAM00009976, «ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» 29.10.2025 ж. берген, тел.: 8 (7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№237



Жаңалық

әрқашан жаныңызда!

<https://ortalyq.kz/>

• ХОККЕЙ

Соңғы минуттардағы сәтсіздік

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы ел кубогындағы үшінші кезе-
сінде жеңіліп қалды. Жер-
лестер бұл кезеңде атырау-
лық «Бейбарыс» клубымен
кездескен. Қос қарсылас ой-
ынның негізгі бөлігінде 3:3
есепімен тең түскенімен, бул-
лит кезеңінде қарсыластар-
дан айласын асыра алмады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, биыл қараған-
дылықтар жыл басынан бері «Бей-
барыспен» екі мәрте кездесіп,
оның біреуінде ғана жеңіпті.
Соңғы ойынында жерлестер бул-
лит кезеңінде жеңіске жеткен.
Өкінішке қарай, бұл жолы жеңіс
«Сарыарқаның» еншісіне жазыл-
мады.

Ойында бірінші болып «Са-
рыарқа» есеп ашты. Кездесудің
6-шы минутында Кирилл Понома-
рев кезекті шабуыл ұйымдасты-
рып, әріптесі Константин Паль-
мтағқа пас асырған. Шабуылшы
алыстан соққы жасап, қарсылас



қақпасынан саңылау тапты. Бұдан
кейін ойынның алғашқы бөлігін-
де таблодағы көрсеткіште өзгеріс
болмады. Ал, 34-ші минутта қар-
сыластар шабуылға көшіп, та-
разы басын теңестіріп кетті. Көзге
түскен – Дастан Еркінов. Осылай-
ша қос таймның қорытындысы

бойынша таразы басы теңесті.
Есеп – 1:1.

Шешуші кезеңде қос коман-
даның ойын тактикасы өзгерді.
Қорғаныста сақ ойнап, бірден
шабуылға көшті. Нәтижесінде,
«Сарыарқа» шабуылшысы Артем
Лихотников 41-ші минутта шай-

ба салып, командасын алға
шығарды. Қақпа маңайын то-
руылдаған қорғаушылардан
айласын асырып, шайбаны
қашықтан бағыттап, есепті
еселеді. Десе де, жерлестердің
қуанышы көпке созылмады.
Араға алты минут салып қар-
сылас команда шабуылшысы
Мұса Гусейнов есепті 2:2-ге
жеткізді. Артынша 60-шы ми-
нутта «Сарыарқа» қорғаушысы
Эдгарс Сиксна кезекті шабуыл
барысында көзге түсіп, коман-
дасын алға шығарды. Алайда,
ойынға қосымша қосылған ми-
нуттарда қарсыластар сапынан
Мұса екінші шайбасын салып,
ойынның негізгі кезеңін 3:3
есепімен аяқтады.


Ал, буллит кезеңінде «Бей-
барыс» шабуылшысы Илья
Ковзалов қақпашы Жакен
Ибрагимовтан айласын асы-
рды. Осылайша, жерлестер
топтық кезеңдегі үшінші кез-
десуінде жеңіліп қалды.

Сурет клубтың
әлеуметтік желідегі
парақшасынан

• ФУТБОЛ

Бірегей үлгідегі бренд

Қарағанды облыстық футбол ассоциациясы өңірдегі фут-
бол төрешілер корпусының материалдық-техникалық базасын
жанартты. Атап айтсақ, 80 төреші жаңа маусымда халықара-
лық талаптарға сай Macron брендінің жаңа спорттық киімін
киіп шықпақ. Одан бөлек, ұйымдастыру комитетінің 20 өкілі де
кажетті спорттық жабдықпен қамтамасыз етілді.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа спорттық киім үлгілері
төрешілердің футбол, шағын фут-
бол және футбол турниріндегі
жұмысына арналған. Әрі балалар
мен ересектер арасында өтетін
түрлі деңгейдегі турнирлерде де
осы форманы киеді. Бұдан бөлек,
жаңа жиынтықтарды Қазақстан-
ның әуесқойлар чемпионатында
пайдалануға рұқсат берілген. Әр
төрешіге ұсынылған жиынтықта
формадан бөлек, ресми іс-шара-
ларға арналған киімдер, маусым
бойы үздіксіз жұмыс істеуге қа-
жетті барлық керек-жарақтар бар.

– Төреші алаңға өз міндетін
мінсіз атқаруға толық дайын
шығуы керек. Сондықтан, біз
олардың кәсіби қызметіне қа-
жетті барлық жағдайды жасауға
басымдық береміз. Бүгін олар Еу-
ропаның ең беделді жарыстарын-
да қызмет ететін төрешілер пай-

даланатын деңгейдегі спорттық
киімге ие болды. Бұл – төрешілер
корпусын дамытуға және өңірде-
гі футбол сапасын жаңа деңгейге
көтеруге бағытталған маңызды
қадам, – деді QOFA жарыстарды
өткізу бөлімінің басшысы Изат
Мүсілімов.

Сала мамандары төрешілердің
бірінғай кәсіби киім үлгісі жа-
рыстарды өткізу мәдениеті мен
ұйымдастыру сапасын жаңа
деңгейге көтеруге мүмкіндік бе-
ретінін баса айтты. Осы мақсатта
өңірдегі төрешілер институтын
одан әрі нығайтуда, футбол ин-
фрақұрылымын жүйелі дамытуға
бағытталған нақты қадамдар кез-
ең-кезеңімен жүзеге асырылуда.
Жанартылған спорттық киімдер
– сол игі бастаманың бірі ғана.
Бұдан былай QOFA ұйымдасты-
ратын, облыс төрешілері қызмет
көрсететін өзге де турнирлерде
осы жаңа киім пайдаланылады.

Сурет QOFA

Ұлттық рухты ұлықтап...

Қарағанды облысында өскелең ұрпақтың бойына ұлттық
құндылықтарды сіңіріп, рухани мұраға деген құрметін артты-
руға бағытталған «Тұлпар мініп, ту алған!» облыстық байқауы
басталды.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дәстүрлі дода Сүлеймен Жаң-
быршин нұсқасындағы «Алпамыс
батыр» жырын жатқа оқуға ар-
налған. Байқауға Қарағанды облы-
сының арнайы мектептері мен ба-

лаларды қолдау орталықтарының,
сондай-ақ, жалпы білім беретін
мектептердің 6-10 сынып оқушы-
лары қатыса алады.

Байқауға қатысуға ниетті
оқушылар мен жетекші ұстаздар
saryarqa-jasty.kz сайтына кіріп,
«Жобалар» бөліміндегі «Тұлпар

мініп, ту алған!» бағыты арқылы
тіркеліп, өтінімдерін жолдауы қа-
жет.

Сондай-ақ, байқауға негіз
болатын Сүлеймен Жаңбыршин
нұсқасындағы «Алпамыс батыр»
жырын және доданың толық ере-
жесін аталған сайттан жүктеп
алуға болады.

Ұлттық рухты ұлықтап,
ата-баба аманатын сөз өнері
арқылы жалғастыратын жас та-
лапкерлер үшін бұл байқау – өз
кабілетін танытып қана қоймай,



тарихи-мәдени мұрамызды те-
рең тануға мүмкіндік беретін
тағылымды жоба. Сондықтан,
ұйымдастырушылар барша
жыр жаттаған, сөз өнерін серік
еткен оқушыларды байқауға
белсене қатысуға шақырады.

• АУДАРЫСПАҚ

Жерлестер екі медаль еншіледі

Аударыспақтан Түркістанда өткен жасөспірімдер арасын-
дағы ел чемпионатында облыс атынан сынға түскен Ерәділ Ма-
рат күміс жүлдегер атанса, Бейбіт Айнатаев қолаға қол жеткізді.
Чемпионатқа елдің түпкір-түпкірінен 200 спортшы қатысып,
өзара бақ сынасты.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Чемпионатта қатысушылар
тоғыз салмақ дәрежесінде сынға
түсті. Ерәділ 59 келі салмақта

жеті рет кездесіп, ақтық бәсекеде
ақтөбелік қарсыласына есе жі-
берді.

– Ерәділдің салмағында көп
қатысушы болғандықтан, олар-
ды екі топқа бөлген. Өзі түскен
топта кіл мықтылар жиналып-
ты. Десе де, бар күшін салып,
ақтық кезеңге дейін жетті.
Қарсыласымен соңына дейін
белдесіп, қоян-қолтық ұрысқа
шыққан. Бұл сайыстың ережесі
бойынша балуанның бір қолы
тізгінде, екінші қолы қарсыла-
стың белбеуінде болуы шарт.
Осы тұста қолы белбеуден
шығып кетіп, қарсыласына есе
жіберіп алды. Қос спортшы күз-
де ұлттық құрама сапында өнер
көрсетеді, – деді аударыспақтан
Қарағанды облысының аға жат-
тықтырушысы Сағат Төлеуов.

Бейбіттің салмағы 74 келі-
де 20 қатысушы болды. Жер-
лесіміз бес кездесу өткізді.
Өкінішке қарай, төртінші кез-
десуінде түркістандық қарсы-
ласынан жеңіліп қалды. Сол
қарсыласы финалға шыққан
соң Бейбітке жұбаныш беде-
суіне мүмкіндік берілді. Осы
кезеңде ол жамбылдық балуан-
мен кездесіп, қарсыласын таза
жеңді. Нәтижесінде, чемпио-
наттың қола жүлдесін еншіледі.

Айта кетейік, қос спорт-
шы да Ақсу-Аюлы балалар
мен жасөспірімдер спорт мек-
тебінің тәрбиеленушісі. Екеуін
Сағат Төлеуов пен Мадияр Тө-
леген жаттықтырады.

Сурет жүлдегерлердің
жеке мұрағатынан

• ГРЕК-РИМ

Жеңіске жетелеген күміс жүлде

82 келі салмақ дәрежесінде белдескен қарағандылық балуан Ибрагим Магомадов Германия-
ның Дортмунд қаласында өткен грек-рим күресінен Grand Prix of Germany халықаралық тур-
нирінде күміс медаль иеленді. Жерлесіміз халықаралық додада ел намысын абыроймен қорғап,
ұлт құрамасының командалық есепте бірінші орын алуына үлес қосты.



Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Беделді бәсекеде Ибрагим
Магомадов қарсыластарына
лайықты қарсылық көрсетіп,
шеберлігі мен табандылығын
танытты. Нәтижесінде ақтық

кезеңге дейін жетіп, турнирдің
күміс жүлдегері атанды.

Германияда өткен халықара-
лық турнирде Қазақстан құрамасы
да жоғары нәтиже көрсетті. Ұлт-
тық құрама сапындағы балуандар
жарыс қорытындысы бойынша 6
алтын, 4 күміс және 5 қола медаль

жеңіп алып, жалпыкомандалық
есепте І орынға ие болды.

Ибрагим Магомадовтың ха-
лықаралық аренадағы жеңісі өңір
спортшыларының әлеуетін тағы
бір мәрте дәлелдеді.

Сурет облыс әкімдігінің
сайтынан